



«А. БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ Өңірлік
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 2
2023

ISSN 2310-3353



2023 ж., сәуір, №2 (70)
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Бас редактор: Куанышбаев С. Б., география ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынов атын. ҚӨУ, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары: Жарлығасов Ж.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынов атын. ҚӨУ, Қазақстан

РЕЦЕНЗЕНТТЕР

Березнова Е.В., педагогика ғылымдарының докторы, ММХҚИ СИМ, Мәскеу қ., Ресей

Жаксылыкова К.Б., педагогика ғылымдарының докторы, Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры, Қазақстан

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Амирова Б.А., психология ғылымдарының докторы, Е.А. Букетов атын. ҚарМУ, Қазақстан

Благоразумная О.Н., экономика ғылымдарының кандидаты, Молдова Халықаралық Тәуелсіз Университетінің доценті, Молдова

Доман Э., лингвистикалық ғылымдар докторы, Макао университеті, Сидней, Австралия

Елагина В.С., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ООМГПУ, Ресей

Жилбаев Ж.О., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы президенті, Қазақстан

Кайе Ж., философия ғылымдарының докторы, Виа Домисия Университетінің профессоры, Перпиньян қ., Франция

Катцнер Т., Батыс Вирджиния Университетінің профессоры, PhD докторы, АҚШ, Батыс Вирджиния

Кульгильдинова Т.А., педагогика ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ-нің профессоры, Қазақстан

Марилена Сантана дос Сантос Гарсия, лингвистикалық ғылымдар докторы, Сан-Паулу Папа католик университеті, Бразилия

Монова-Желева М., PhD докторы, Бургас еркін университетінің профессоры, Болгария

Чаба Толгизи, Венгрияның Сегед Университеті экология кафедрасының ғылыми қызметкері, Венгрия

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж

Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.

Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 29.03.2021 ж.

Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:

110000, Қостанай қ., Тәуелсіздік к., 118

(Ғылым және коммерциализация басқармасы)

Тел. (7142) 54-58-74 (160)

№2 (70), апрель 2023 г.
Издается с января 2005 года
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова*

Главный редактор: *Куанышбаев С.Б.*, доктор географических наук, КРУ им. А. Байтурсынова, Казахстан

Заместитель главного редактора: *Жарлыгасов Ж.Б.*, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ им. А. Байтурсынова, Казахстан.

РЕЦЕНЗЕНТЫ

Бережнова Е.В., доктор педагогических наук, профессор МГИМО МИД, г. Москва, Россия

Жаксылыкова К.Б., доктор педагогических наук, профессор Казахского национального исследовательского университета им. К. Сатпаева, Казахстан

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Амирова Б.А., доктор психологических наук, КарГУ им. Е.А. Букетова, Казахстан

Благодарная О.Н., кандидат экономических наук, доцент Международного Независимого Университета Молдовы

Доман Э., доктор лингвистических наук, университет Макао, Сидней, Австралия

Елагина В.С., доктор педагогических наук, профессор, ЮУГГПУ, Россия

Жилбаев Ж.О., кандидат педагогических наук, доцент, президент Национальной академии образования им. И. Алтынсарина, Казахстан

Кайе Ж., доктор философских наук, профессор, Университет Виа Домисия, г. Перпиньян, Франция

Катцнер Т., доктор PhD, профессор Университета Западной Вирджинии, США

Кульгильдинова Т.А., доктор педагогических наук, профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Казахстан

Марилена Сантана дос Сантос Гарсия, доктор лингвистических наук, Папский католический университет Сан-Паулу, Бразилия

Монова-Желева М., доктор PhD, профессор Бургасского свободного университета, Болгария

Чаба Толгизи, научный сотрудник кафедры экологии, Университет Сегеда, Венгрия

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж
выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.
Переучёт периодического печатного издания 29.03.2021 г.
Подписной индекс 74081

Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Тәуелсіздік, 118
(Управление науки и коммерциализации)
Тел. (7142) 54-58-74 (160)

ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САРАПТАМАЛЫҚ-ШОЛУ ЗЕРТТЕУЛЕР ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ОБЗОРНО-АНАЛИТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

ӘОЖ 811.512.122

Бекбосынова, А.Х.,
филология ғылымдарының кандидаты
қауымдастырылған профессор м.а.
Айтқазы, Ә.А.,
«6B01701- Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 2 курс студенті
А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты
Қостанай қ., Қазақстан

ШАЛ АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛ-АНА ТАҚЫРЫБЫ

Түйін

Шал ақын шығармашылығында әйелдер тақырыбына арналған біршама өлеңдер орын алған. «Жақсы» мен «жаман» қыздар, келіндер, әйелдерді суреттеуде Шал ақынның өзіндік ерекшелігі байқалады. «Қатын» сөзінің мағынасы өлең жолдарындағы мысалдармен тереңінен ашылып талданады. Ақынның айтпақ ойы – қыз баласына дұрыс пен бұрысты ажыратып, қыз баласына тән игі қасиеттерді түсіндіру, болашақ жар – берекелі отбасының ұйытқысы деген идеяны алға тарту.

***Кілт сөздер:** Шал ақын, қыз, келін, қатын, жақсы, жаман, дау, үй, шаңырақ.*

1 Кіріспе

Жұмыстың өзектілігі

Асыл өлеңді шығарып, ауызша тарататын замандаақын есімін елге тарататын да, есімін өшпестей ел жадында сақтайтын да бір-ақ нәрсе. Ол – ақынның ақындық беделі. Ақын өз шығармалары арқылы халықтың мұң- зарын, күйінішін суреттеп, қоғамдағы болып жатқан жайттарды ортаға салады. Шал ақын өлеңдерінің мазмұны әрқилы, бірақ ондағы өзекті мәселе шаңырақ ұйытқысы – әйел туралы. Қыз баласы қай заманда болмасын сынға көп ұшырайтыны белгілі, бұл сындардан аулақ болу үшін ақын өз шығармаларында қыз баласын жақсы мен жаман мінезді ажырата білуге, өз отбасының беделін нық ұстап тұру үшін жасалатын ізгі қасиеттерге үндейді. Мақалада «қатын» сөзінің мағынасы әр қырынан ашылып, Шал ақынның өзіне ғана тән қолтаңбалық ерекшелігі талданады.

2 Материалдар мен әдістер

Мақала жазу барысында Шал ақынның әйелдер тақырыбында жазған өлеңдері қолданылды. Халық арасында әйелдерге қатысты жиі айтылатын мақал-мәтелдер негізге алынды, «қатын», «кіс қатын», «қыналы бармақ» сынды сөздердің мағынасы ашылды. Есім Ғарифолланың «Тұлғалар–қаламгерлер» кітабы, А. Тоқтабай мен Т. Жұртбай берген анықтамалар тақырыпқа қатысты мәселелердің басын ашып талқылауға негіз болды.

3,4 Нәтижелер мен талқылаулар

Қай заманда болмасын отбасының ұйытқысы, ошақ басының патшайымы – қыз, келін, әйел-анатақырыбы әрқашан өзекті. М. Әуезовтің «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген сөзі болашақта бесік тербейтін қыз баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу керектігінен туған. Себебі, «қыз бұзылса, ел бұзылады» дейді халық даналығы. Қыз баласы біреуге келін,

біреуге жар, біреуге жеңге, енді біреуге ана болады. Ата-ана қыз баласына тал бесіктен үлгі көрсетіп, сыйластықтың, дұрыс ниеттің не екенін ұғындырып, ең алдымен өз мінін түзеп, дұрыс жүріп-тұруы керектігін үнемі ескертіп отырады. Ата-ана қыз бала тәрбиесіне үлкен мән берген. Ол – болашақ жар, ана, әже. Ұрпақ тәрбиесі осы нәзік жанды қыздарымыздың қолында екенін ескерген аналарымыз қызды «қырық үйден тыйған», бөтен үйге қондырмаған. Халықта «қыз бұзылса, ел бұзылады» деген сөз бар, яғни, ел тағдыры мен тазаабыройы тікелей әйел затының тәрбиесіне байланысты, ал бұл абыройға жауапты адам бұзылса, ел де құриды деген сөз.

XVIII ғ. өмір сүрген Шал ақынның өлеңдерінде әйел-ана образы жан-жақты ашылған. Ақын он бестегі қыздан бастап, тұрмыс құрып жар атанған келін және жасы келіп егде тартқан аналарымыздың бейнесін өте әсерлі суреттермен аша білген. Шалақын өзінің «Қыз сыны» өлеңінде:

Ерімнің бір тұрманы үзеңгісі,
Қыз он бесте келеді түзелгісі,
Аяғын көр, асын іш деген сөз бар,
Шешесін көр, қызын ал, сол белгісі

дей келе, қыз баланың әр жүріс-тұрысы, ыдыс-аяғының күйі, асының дәмі, бәрі-бәрі сынаудан өтіп анасының атына бір-ақ тиетінін айтқан. Әрине, әр адамның бұған байланысты түсінігі сан қилы. «Келін өмірі» атты сынақтан еш жаман атсыз өткісі келетіндер де, бұған қол сілтейтіндер де баршылық. «Шешесін көр, қызын ал, сол белгісі» өлең жолында, салақ келіннің кесепаты анасының бетіне таңба болып басылатыны, пысық келіннің жақсылығы анасының басына тәж болатыны айтылғандай.

Шал ақын қазақтың ақындық поэзиясының бастауында тұрған, өзі осы дәстүрдің көшбасшысы болып танылған, әрі алау жырлардың иесі. Шоқан Уәлихановтың қызыға оқып зерттеген жыршысы. Оның пайымдауынша Шал ақын – қазақтың шығу тегі бойынша барлық аңыздарды жиыстырып жыр еткен үлкен эпопея авторы, терең ой мен биік парасат иесі.

Шал ақын өз өлеңдерінің көбісін қыз баланы, оның ішінде келінді біраз сынға алып, дұрыс пен бұрысты ажырата білуге жол салған. Тақырыптарының көбісі салақ, долы қатындарға арналып, оларды бір шымшып алуға бағытталған. Өз өлеңдерінде «қатын» сөзін қолданған. Қазіргі таңда ерсі естілгенімен негізгі мағынасы ерге тиген, тұрмыс құрған *қызбаласы, қатын* деп атау құрметтеуді, мадақтауды білдіргендіктен ертеректе хандар мен аксүйектер жарларын осылай атаған. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрк» сөздігінде «Кіс – қатын» сөзіне *кісі алды* деген анықтама берілген. Бұған Есім Ғарифолла мынадан ой толғаныс айтады: «Сонда кісі дегеннің мәнісі, «ер адамның үйленуіне байланысты емес пе екен?» деген ойға қалдым. Әдетте, біз кісі, кісілік деген түсініктерді жиі қолданамыз, оған аксиологиялық мағына бере айтамыз. Адамшылығы мол жанды біз кісілікті адам дейміз. Адамның кісілігі айқын бояуға түсуі үшін, ең алдымен өмір тәжірибесі керек. Өмір тәжірибесі отбасынан басталмақ. Сөздіктегі мәніске қарасақ, ер кісі (әйел) алған соңбарып, кісілікке жетуі ықтимал. Осы тұста дүйім қазаққа белгілі, адамның үш жұрты туралы болуы керек, олар: өз жұрты (әкесінің), нағашы жұрты (анасының), содан кейін кіс алған соң қайын жұрты (әйелінің төркіні) болмақ. Осы үш жұрты бар адамның адамшылығы кісілігі арқылы көрінбек» [1,118]. Яғни, ерді кісі ететін қатын, ал осы атақты серігіне лайықты ететін де, ер еркек деген атақ жалғайтын да сол бір қатын. «Жақсы әйел – жаман еркектің басын төрге сүйрейді, жаман әйел жақсы еркектің басын көрге сүйрейді» деген мақал осы өлең жолдарын толығымен суреттей алады.

Шал ақын өзінің «*Екі қатын*» өлеңінде «жаман» қатын мен «жақсы» қатынды салыстыра жырлайды:

Екі қатын алғанның дауы үйінде,
Жаман қатын алғанның жауы үйінде,
Жақсы қатын алғанның тойы үйінде,
Жаман қатын алғанның соры үйінде.

Бұл өлең жолдарымен ақын не айтқысы келеді? Бұрынғы заманда бірнеше әйел алу әдепкі жағдай болған, қазіргі таңда бұл шамалы ерсілеу көрінеді. Бұл не себептен? Бірінші өлең жолындайтылғандай, Екі қатын алғанның үйінде дау күнделікті жағдайға айналып кетеді. Бір ас үйде екі басшы болмайды дегендей, ер адамның жүрегінің де бір иесі болу керек деген ұстаным дұрыс деп санаймын. Ия, бұрынғы кезде бір ер адамның басында екіден аса әйел болған, бірақ бұған да белгілі бір себептер бар. Ұлы Абай Хәкімнің бірнеше әйел алу себебі тек оларды қорғап қалу болатын, себебі ол кездегі әйел заты тек ас үй, ошақ шаруасымен ғана айналысып, қосымша табысы болмады. Қазіргі таңда әр әйел өз жағдайын жасауға күші жетеді. Сол себептен әр жүрекке бір ғана әмірші, әр ас үйге тек бір басшы болғаны дұрыс секілді. Өлеңнің келесі жолдары «жаман» және «жақсы» әйелді салыстырумен жалғасады. Ер адамның еш жауы болмаса да, өмірлік жолдасының кесепат мінезі мен салақтығы болса, оның өзі бір жаумен тең. Үй ішінде береке болмаса, әр күні ұрыспен өтсе, бұның өзі бір соғыс, бір шайқас. Ал «жақсы» қатын алғанның үйінде той, шаттық, жылы төсек, ыстық тамақ күтеді. Өлеңнің келесі шумағы мынадай:

Кез болса ер жігітке жақсы қатын,
Жақсы қатын шығарар ердің атын,
Жаман болса өз қылған істерімен
Еріне қалдырады жаман атын.
Жақсы сол ерін күліп шаттандырса,
Атқарып тапсырмасын мойнынаалса.
Ері жоқта күйзелтпей шаруасын
Ағайын, көршілерін жадынаалса
Сапардан ері келсе үйге кіріп,
Жылы жүзбен қарсы алып қолын алса.

Ердің бақыты не сори өзінің таңдауынан. Жарының әр жақсылығын мақтап, ел алдында беделін көтеру, әрқашан жігерлендіріп, алға ұмтылуға ынталандыру – әйел затының өз отбасының берекесін сақтаудағы миссиясы. Қазір ел арасындайтылып жүргендей, ер адамның әр жетістігінің артында ақылды әйел тұрады. Еріне қаншалықты қолдау беріп, үй ішін де, отбасымен қарым-қатынасты да өзінің кіршіксіз таза ақ орамалындай ұстаса, шаңырақтарында еш бейберекетсіздік болмас.

Ендігі кезекте Шал ақынның *«Жақсы әйел бойын түзеп сылақтайды»* өлеңі мен *«Бақытыңа кез бопты долы қатын»* өлеңін салыстырсақ.

Жақсы әйел бойын түзеп сылақтайды,
Өз байынан басқаны ұнатпайды,
Үйіне мейман түссе хош келдің деп,
Еш адамнан ұлықсат сұратпайды.
Жаман әйел байымен ұрысады,
Мейман келсе қабағы тырысады.

Бұл үйден шай ішкенмен оңбассың деп,

Мейман байғұс басқа үйге жылысады.
Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер,
Әйелің долы болса күнде өлтірер,
Жақсыдан жаман туған бала болса,
Атаға үйде жатқан сөз келтірер.
Жақсы әйел айтқан сөзді кектей қоймас,
Осал жігіт әйелге беттей қоймас,
Жауыз қатын қабаған ит сияқты
Ер жігіттің түбіне жетпей қоймас.

Жақсы әйел өз ерінен басқа азаматтарды ұнатпайды және тек өз жұбайы үшін ғана сұлу көрінуге тырысады. Ондай жүзі жайдары, қолынан келмес дүниесі жоқ әйел бар шаңыраққа мейман келуге асығады. Ал мінезі шатақ әйелдер қонақты қарсы алу былай

тұрсын, өз күйеуіне ұрыста дес бермей сөз таластыруға асық. «Бір жаманның кесапатынан аққан дария құриды» дегендей, шаңырақтың ғұмыр бойы жинаған беделін бір қатынның долы мінезі мен ұрыс-керісі айрандай төгуі мүмкін. Ондай әйел бала тәрбиесіне де осал, үйде жатқан қарияға дейін ұрсып шығар, тұрмыс шаруасын реттей алмас. Шал ақын жауыз қатынды қабаған итке теңеп, сол ит секілді тістеп, сүйегін кеміріп, ерінің түбіне жетеді деген.

Жаман қатын образының сипаты «Бақытыңа кез бопты долы қатын» өлеңінде жалғасады:

Бақытыңа кез бопты долы қатын,
Мұны алған ер жанжалға молығатын,
Ұрысса бар адамды жеңбей қоймас,
Бір үй түгіл бір ауыл торығатын.
Өзінің кесапаты бастан асып,
Ері де бір пәлеге жолығатын,
Албастыдан дәу дию қашты дейді,
Бұл үйге қонаалмаймын, пері қатын.

Қазақта «бәленің бәрі тілден» деген сөз бар, жоғарыда айтылғандай әйел тілі өте ащы, ұрысса жеңілмеу үшін аузына келгеннің бәрін айтады, оның тілінен шыққан у әрқашан еріне қайтпас таңба болып басылады. Оған қоса бұл пәле өз төркінінің бетіне сөзбен басылады. Ақын «долы қатынның» бейнесін өте өткір сөздермен аша білген. «Долы қатынның» кесапаты тек өзіне ғана емес, оның еріне, тіпті бүкіл ауылға тиген. Оның жаман мінезінен «дәу диюдың» қашуы осындай мінезді әйелдердің жағымсыз қылықтарын барынша аша түскен. Мінезі нашар әйелдің бейнесі *долы, албасты, пері* деген сөздермен берілген. Ақын мұндай қатын болудан аулақ болып, тілдің жұмысын үнемі ақылмен басқарып отыру қажет екенін айтады.

Шал ақын шығармаларының өзінде жақсы мен жаман әйелді салыстыру жиі қолданылады. Ол «*Әйел туралы*» өлеңінде өзінің ескі дәстүрі бойынша әйелдерді салыстырмалы түрде сипаттайды.

Қарауыл қана дейтін бір қатын болады:
Таңертең тұрады,
Түндікті оңынан ашады,
Кетіп бара жатқанға көз салып,
Өтіп бара жатқанды адал алады.
Екінші әйел – қыналы бармақ дейтін:
Аз нәрсені көптей қылады,
Көп нәрсені көлдей қылады,
Киіміне кір жұқпайды,
Асына қылшық тұрмайды,
Дүниесінің бәрі таза болады,
Ерінің бары, жоғын білгізбейді.
Ер егіз, еңбексіз жалғыз деген,
Осы талайлы ердің қолына түседі.
Үшінші – ашып атар, жатып ішер...
Бастама етік көрпілдек,
Сиыр жапасы сырпылдақ,
Сормандай ерге жолығады.

Бірінші қатын қарауылдар секілді күннің шығуынан бұрын оянып, түндікті оңынан ашып, әр өткен адаммен сыйластықтаамандасып шығады. Екінші қатынды «*қыналы бармақ*» деген. Бұл сөздің мағынасы түсіндірме сөздік бойынша бірнеше мағынада ашылған. Бірінші мағынасында – э т н. байырғы қазақ қоғамындағы ер адамның алған екінші әйелінің ел аузындағы аты [2]. Ал екінші мағынасында – он саусағынан өнері тамған ісмер, пысық, таза,

кірпияз [3]. Бұл өлеңде екінші әйел өте пысық, жинақы, тиянақты, әр ісі байыппен, тазалықпен жасалатын адам. Үшінші әйел салақ киген етігі көрпілдеп, қорадағы сиырын да салақта-тып, сормандай ерге жолығады дейді. Бұндай әйелмен өмір сүретін ердің де киімі кір қожалақ, аштан аш, түрі қашып жүреді.

Шал ақын өлеңдерінің ішінде әйелі мен жұбайының өмірінің соңына қарай болатын тұрмыс тіршілігі, бір-біріне деген ренішісипатталатын «Шал мен кемпірі» өлеңінде:

Шал:

Дүние ойлап тұрсам жалғаның-ай,
Шынымен, жалған дүние, қалғаның ба-ай,
Жауырыным құрысып, шаншып отыр,
Келіп сипап жіберші, алғаным-ай!

Кемпірі:

Бұл дүние бәрімізден кетер өтіп,
Қыз күнімнен болдым ғой сізге несіп,
Айында да пайдаңды бір көрмеймін,
Қайтемін бостан босқа қызмет етіп.

Шал:

Шал ақын Орта жүздің мен емес пе ем,
Он бесте ұрғашыға кен емес пе ем,
Мен саған жиырмамда болдым жолдас,
Құрытқан сонан бері сен емес пе ең?!

Кемпірі:

Ұшады көк ала үйрек көл дегенде,
Қара су бал татиды шөлдегенде,
Аузыңа келген сөзді ірікпейсің,
Алжыған не жының бар сөз дегенде.

Шал:

Дүние қызық екен жасыңдағы,
Барады өтіп дәурен басымдағы,
Айына бір пайдамды көрмеген соң,
Қасыма не қып келсін қатын-дағы.

Бұл шығармада шаңырақ ішіндегі реніш, түсініспеушілік, кішігірім дау суреттелген. Шал кемпірінен көмек сұрап еді, әйелі болсаоның бар кемшілігін бетіне баса қалды. Қазіргі кезде де осыған ұқсас түрлі жағдайлар тұрмыста жиі кездесіп отырады. Шаңырақ ұйытқысы мен отау иесі бір-бірін түсінбегеннен, жан айқайын естімегеннен, қарым-қатынастағы кемшіліктерді түзеуге тырыспағаннан отбасылар құрдымға кетуде. Бұл өлеңдегі әйел мұңын да түсінуге болады. Мүмкін жұбайының көңілі жетпегеннен бе, әлде басқа мәселеден бе, кім білсін? Айтуы бойынша Шал тек басқаларға ақыл айтумен, сөзбен істің орнын ауыстырып, әйеліне бір айда бір рет болсын пайдасы тимегеннен жүрегінде реніш бар. Қазіргі психолог мамандардың айтуы бойынша – «әйел өз жұбайының айнасы, өзіне қандай мейірім көрсе, дәл сол мейірімді екі есе көрсете алады». Бұл енді бөлек мәселе.

Шал ақын өлеңдері жоғарыдаайтып кеткендей жақсы мен жаман әйелдерді салыстыруға толы. Байқағанымыздай ақын өз шығармаларында «әйел» сөзін көп қолдана бермеген, керісінші қазіргі таңда көп қолданылмайтын «қатын» сөзін қолданған. Лингвист ғалым Рахманқұл Бердібаев «Кенес дәуірінде қазақ тілінің 18 мың сөзі бұрмаланған, яғни мән-мағынасы өзгерген» депті. Осындағы мәні өзгеріп, мағынасы ауысқан атаудың бірі – қатын сөзі. Бұл термин ертедегі Түркі қағанаты кезінде билеушіден кейінгі екінші тұлға – оның сүйікті жарына берілетін құрметті атақ екен» [4]. «Этнограф-ғалым Ахмет Тоқтабай: «Қатын сөзі – қағанның жәрдемшісі, елдің ұйытқысы немесе анағұрлым кең мағынада «Ел анасы» дегенді білдірген» десе, Қ.Сартқожа, ежелгі түркілер қағанның бас бәйбішесін «қатын» деп атап, оның қызметшілерін «қалаш» деген, қазіргі қолданыстағы «қатын-қалаш» тіркесінің

түбі осында жатыр, дейді» [4]. «Бүгінгі әдеби тіл айналымындағы «әйел» ұғымының араб тіліндегі мағынасы – күнсі, яғни бас еркі жоқ, еңбегіне ақы төленбейтін, басыбайлы үй салмасы дегенді білдіреді. Кеңестік теңгерме саясат тұсында бойына көне тәрбие мен әдеп сіңбеген белсенді қазақ әйелдері: «біз меншік иесі – қатын емеспіз, мал-мүліксізбіз, басыбайлы крестьянкалар сияқты біз де әйелдерміз» деп таптық астар беріп, содан бастап «әйел» ұғымы жазба әдеби тілдік термин ретінде қалыптасып қалды» дейді алаштанушы ғалым Т.Жұртбай [3]. Ата-анасына еркелеп, үйінің берекесі мен шаттығының иесі болып жүрген кешегі ерке қыздар, өз туған үйін тастап, жаңа отбасыға келін болып түсіп, әр адамның көңілінен шығуға тырысып қас қабағын бағып жүреді. Түскен жерінің сынына түсіп, өз анасының атына кір келтіріп алмайын деген ниетпен үндемей жүріп бар шаруаны тындыруға ниеттенеді. Сол шаңырақтың берекесін келтіріп, ұрпағын жалғастыратын да қыз баласы. Шал ақын қыз баласын құрметтегені соншалық мінезі шатақ, долы, кесапаты тиер келіндерді «әйел» емес, «қатын» деп атап, қандай болса да қыз баласының мәртебесі жоғары екенін көрсеткен. Қорыта келе айтпағымыз, «қатын» сөзі қазіргі заманда құлаққа ерсі естілгенімен, бұл сөздің мағынасы терең, дәстүрге бай. Кеңес дәуірінде талай дәстүріміз ұмытылып, сөздік байлығымыз азайып, талай сөздеріміздің мағынасы өзгеріпті, бірақ бұл тарихты жандандыруға үлкен мотивациядай болу керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Есім Ғарифолла «Тұлғалар–қаламгерлер» – Астана «Фолиант» баспасы, 2013. – 420 бет.
- 2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том. / Құраст.: М.Малбақов, Н.Оңғарбаева, А.Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- 3 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
- 4 <https://alashainasy.kz/society/katyin-degen-kadrl-soz-135843/>
- 5 Мұхтар Мағауин «Алдаспан». «Жазушы» баспасы, Алматы – 1971. – 277 бет.

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., АЙТКАЗЫ, А.А.

ОБРАЗ ЖЕНЩИНЫ-МАТЕРИ В СТИХАХ ШАЛ АКЫНА

В творчестве Шал акына появилось немало стихов, посвященных женской тематике. В описании “хороших” и “плохих” девушек, невест, женищин прослеживается своеобразие Шал акына. Значение слова “Қатын” раскрывается и анализируется с примерами из стихотворных строк. Поэт говорит, что для девушек важно различать правильное и неправильное, объяснять добрые качества, которые присущи девочке, продвигать идею о том, что будущее-это основа благословенной семьи.

Ключевые слова: Шал акын, девушка, невестка, катын, хороший, плохой, спор, дом, Шанырақ.

BEKBOSSYNova, A.KH., AITKAZY, A.A.

THE IMAGE OF A MOTHER-WOMAN IN THE POEMS OF SHAL AKYN

In the work of Shal Akyn, a lot of poems dedicated to women's themes appeared. In the description of “good” and “bad” girls, brides, women, the peculiarity of Shal akyn can be traced. The meaning of the word “Katyn” is revealed and analyzed with examples from poetic lines. The poet says that it is important for girls to distinguish between right and wrong, to explain the good qualities that are inherent in a girl, to promote the idea that the future is the basis of a blessed family.

Key words: Shal akyn, girl, daughter-in-law, katyn, good, bad, dispute, house, Shanyrak.

ӘОЖ 811.512.122

Бекбосынова, А.Х.,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Жумабаева, А.А.,
«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 2 курс студенті
А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Ө.Сұлтанғазин атындағы
педагогикалық институты
Қостанай қ., Қазақстан

АҚТАМБЕРДІ ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін

Мақалада XVIII ғасырдың көрнекті қоғам қайраткері, жырауы, батыры Ақтамберді Сарыұлының толғауларына лингвистикалық талдау жүргізілді. Ақтамберді шығармалары тіліндегі көріктеу құралдарының бірі-теңеудің қолданылу ерекшелігі қарастырылған. Аталмыш мақалада қазақ тіліндегі теңеудің лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген – ғалым Т. Қоңыровтың «Қазақ теңеулері» еңбегі негізге алынып, зерттеу жүргізілді.

Кілт сөздер: Ақтамберді, жырау, теңеу, талдау, толғау.

1 Кіріспе

Ақтамберді Сарыұлы – қазақтың көне жыраулық эпосының белді өкілдерінің бірі, XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ әскерінің құрамында қол бастап, талай қан майданда теңдессіз ерлік көрсеткен көрнекті тарихи тұлға. Көне дәуірдегі қазақ әдебиетін зерттеуде өзіндік орны бар белгілі әдебиетші-ғалым, жазушы Мұхтар Мағауин «Ақтамберді жырау» атты мақаласында Ақтамберді Сарыұлының 1675 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Қаратау бойында дүниеге келіп, 1768 жылы 93 жасында өмірден өткені, ал оның денесі бұрынғы Семей облысы Абай ауданының Құндызды ауылындағы Жүрекадыр жотасында жерленгені туралы жазады. Бүгінде батыр бабамыздың мазары басына ұрпақтары жиі барып, зиярат етіп тұрады [1, 28].

«Тауарих Хамсаның» айтуынша, Ақтамберді айттарымен күрес дәуірінде қазақ халқының басында жүрген ерлердің бірі. Ол атақты Қара Керей Қабанбаймен бірге Шайманның рубасы көсемі, әскербасы батыры. Сонымен қатар Ақтамберді жортуыл жыршысы, әулетті жырау да болған [2, 76].

Ақтамберді жырау, бір жағы жастай жақындарынан көрген қорлығы бар, екінші жағынан, көшпенді елдің кеудесінде намысы мол азаматын қазандай қайнаған қанды қасапты тірлігінде ер болып еңіренгендердің сапында болуын талап ететін тәртібімен, халқы сыйлайтын көрнекті перзентіне айналуы жастай армандап өседі. Бұл – атақты азаматтың «жасым жетіп он беске, кірер ме екем кеңеске», – деп өзі айтқандай, әлі он бес жасқа жетпей тұрған кезіндегі арман еткен тілек-мүддесі. Жырау сол арманына кейін жетеді. Жауды да қашырады. Атасы басқа қалмақтарды да бостырған, «әлпештеген ханшасын, ат артына мінгізіп» ежелгі жауларынан кек алған сәттерді де көзімен көреді, өзі сол жорықтардың белгілі қаһарманына айналады. Дәулетті де болады, әулетті де болады. «Шығыршығы торғай көз, сауыт киер ме екембіз?!» – деп, арман еткен тілегі де орындалады. Ал, сол армандарының ең бастысы жауды жеңіп, елдің еңсесін көтеру [3, 110].

Ақтамберді жарлылық пен жалғыздықтың тауқыметін көп көргенге ұқсайды, адамдыққа, адалдыққа, әділетке жүгінеді. Ауыз толтырып айтар байлығы болмағанын өзі жасырмайды. Тұрмыстың қыр-сырын, от басы, елдік, жерлік мәселелерін жырларында жақсы көрсетеді. Жырау ақиқатты айтудан тайсалмайды, шындық, туралы шымыр шешендік сөздерді түйдек-түйдегімен тастайды. Бәрі де сол тұстың ауыр тұрмысынан, күрес шындығынан алынған тартымды тирадалар. Жырау баққа да, таққа да таласпайды, көкірек көзі халық даналығымен суарылған. Ақтамберді, асылы, қысқа нақлият сөздерінің шебері болса керек. Көңіліне түйгенін, піскен ойын шашыратпай, шиыршық атқан күйінде айтып кете берген. Эпикалық кең тынысты туындылары да болуы мүмкін. Бірақ қолымызға әлі қомақты дүниелері түсе қойған жоқ [4, 374].

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақалада әдебиеттің теориялық талдау әдісі қолданылды. Бүгінде Ақтамберді жыраудың 26 туындысы белгілі. Жыраудың толғауларында ең актив қолданылған көркемдік құралдың бірі – теңеулер. Жазушының толғауларында қолданылған теңеулердің ерекшеліктері әдеби сипаты жағынан талданды. Қажетті материалдар жинақталып, мақала жазуда бір жүйеге келтірілді.

3,4 Нәтижелер мен талқылаулар

Ақтамберді мұрасынан бізге жеткені санаулы ғана. Кейбір әңгімесін өлеңмен, толғаумен түйдектеткен жыраудың теңіз жырларының тамшыдайы ғана. Соған қарамастан да, Ақтамбердінің аты қазақтың жыраулар поэзиясынан орын алуы үшін осының өзі де жетіп жатыр.

Ақтамберді толғаулары туралы сөз қозғасақ, ақынның толғаулары – шолу шеңберімен шектеуге көнбейтін, дара монографиялар мен іргелі зерттеу еңбектерін талап ететін орасан бай дүние. Туындылары – моральдық-этикалық сарындағы ғибратты толғаулар. Ерлік пен бірлікті, ұлттық дәстүрлерді қуаттау, адамгершілікке уағыздау, жауынгерлік рухты ояту – Ақтамберді өлеңдерінің негізгі өзегі мен арқауы. Сонымен қатар, көшпендіге тән ерлік пен рух сіңген жырлардан бір ғажабы тірі Ақтамбердінің өз бейнесі де қосарлана көрініп тұрады...

От басар орны *отаудай*,
Қабырғасы халық орнаған *жонсаудай*
Ор *қояндай* қабақты,
Қиған қамыс құлақты,
Сары *мысықтай* азулы,
Саптыаяқтай ерінді,
Қидасын кәрі жілікті,
Омырауы *есіктей*,
Ойынды еті *бесіктей*,
Табаны жалпақ тарланды
Таңбалап мінер ме екеміз?!

(«От басар орны отаудай» 1, 282).

Ақтамбердінің осы өлеңінен көретініміз, оның көріктеуші құралы – көркемдік, күрделі теңеулерінің кереметтілігі. Қазақ тіл білімінде теңеулерді арнайы зерттеген ғалым Т.Қоңыров. Ол қазақ теңеулерін жан-жақты қарастыра келіп, «теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілерінің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [5, 7] – деп ғылыми анықтама береді.

А.Х.Бекбосынова «С. Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу» атты еңбегінде теңеулерді тілдік-танымдық тұрғыдан зерттеп, теңеуге мынадай баға берген болатын: «Көркемдік танымның аса қуатты құралдарының бірі – көркем әдебиетті теңеулерсіз көз алдымызға елестету еш мүмкін емес. Суреткер тіліндегі теңеулер әлемі оның поэтикалық тілі арқылы

көрінетін дүниетанымын көрсетеді. Теңеу – таным көзі. Салыстыру, ұқсату, теңеу арқылы таным үдерісі арта түседі. Теңеу – адамның бейнелі ойлауының, әлемді бейнелей тануының және қоршаған дүниені көркем қабылдауының нәтижесінде қалыптасады» [6, 5].

Мұндағы теңеулер ақынның өз өмір шындығын, оның бар болмысын сырлы сөзбен бейнелеп, көркем тілмен танытады. Бұл теңеулер айшықтылығымен, сұлу суретімен мәңгі жасайды.

Ақтамбердінің толғауларының көпшілігі азаматтықты, ерлікті, жауынгерлікті, батырлықты дәріптеуге арналған. Сондықтан ақын өз туындыларында халықтық эпостардағы қалыптасқан жыр дәстүрін пайдалана отырып, бұларды өз таным-таразысынан өткізеді, өзгерістерге түсіреді. Сөйтіп, халықтық поэзияда бұрыннан қолданылып келген бейнелі сөздердің, соның ішінде теңеулердің көркемдік қуатын арттырып, жандандыра түскен. Мәселен, ақын өз бейнесін, болмысын танытып, халық поэзиясында бұрын-соңды қолданылмаған авторлық теңеулермен бірге қалыптасқан этномаркерлі теңеулерді де үйлестіре шебер қолданған. Қазақ мәдениетін таңбалайтын этномаркерлік бірліктер туралы А. Әмірбекова: «Ұлттың, этностың жеке ерекшелігін, өзге ұлттардан айырмашылығын, өзгешелігін танытатын тілдік бірліктердің бірі – этномаркерленген лексемалар. Жалпы лингвомәдениеттану саласында ұлттық мәдениетті таңбалайтын бірліктер ретінде ұлттық-мәдени концептілерді, лингвокультуремаларды (лингвомәдени бірліктер) келтіретін болса, этнолингвистика саласында жеке бір ғана ұлтқа тән ерекшеліктерді бейнелейтін ұғымдарды этнографизмдер деп атайтыны белгілі. Дегенмен, осы екі саладағы лингвокультура, этнографизмдер мен одан туындайтын тұрақты тіркестердің деңгейге жеткен таңбалардан бастау алады» [7, 89] – деген ой тұжырымдайды.

От басар орны *отаудай*,

Қабырғасы халық орнаған *жонсаудай*.

(«От басар орны отаудай» 1, 282).

Өлең жолдарында теңеу образы болып тұрған сөздер – *отау*, *жонсау*. Отау – үлкен шаңыраққа арналып тұрғызылған үй, ал жонсау деген қара отты, қыста мал отарлауға қолайлы жер. Халық тіліндегі байырғы бұл атаулар жыраулардың қолданысында кездеседі. Мұндағы қоныс кең өрісті, құнарлы жайылымды жерді Ақтамбердінің болмысына теңеп тұр. Себебі сол ғасырларда жыраудың образын ашу үшін оны халық қабырғалы қалың елдің құт мекені біледі деп, ұқсатып тұр.

Жырау өлеңдерінде тұрмысымызда ертеден қолданылған үй жабдықтары атаулары да теңеу образын жасауға негіз болған:

Омырауы *есіктей*,

Ойынды еті *бесіктей*.

(«От басар орны отаудай» 1, 282).

Өлең жолдарында теңеу образы болып тұрған сөз – *бесік*. Бесік – ғасырлар бойы ұлтымыз тал бесікті қасиетті мүлік санап келді. Ол қазақы тәлім-тәрбиенің қайнар көзі болды. Ұлтымыздың өсіп-өнуінің басты кілті де тал бесік. «Бесіктегі бала бес түйлейді» деген халқымыз, бесіктегі нәрестенің көп өзгеріп, тез өсіп жетілетінін білген. Дегенмен де, бұл өлең жолдарында «ойынды еті» деген тіркес қолданылып, көкірегі мен алдыңғы екі аяғының арасындағы дене бітімін суреттеп, сомдап тұр. Жыраудың бейнесін астарлап жеткізу үшін, көкірегін бесікке теңеп тұр. Ал жоғарыда айтылғандай, бесік – қасиетті, киелі, құтты мүлік.

Келесі тілдік талдауға түсетін теңеудің түрі – гиперболалық теңеу. Гипербола теңеулік құрылымдар құрамына енгенде оның мағынасы толық сақталып, барынша бейнелілік қасиеті күшейе түседі. Бұл амал-тәсілдер суреткердің тілі мен стиліне бояу қосып, сөздегі суретті барынша түрлендіреді. Ғалым Т.Қоңыров: «... гиперболалық теңеулердің эмоционалды-экспрессивті әсері орасан күшті болады да, олар тым жаман немесе өте әдемі деген ұғымдарды өзгеше өрнекпен, әсермен бейнелеп беру үшін қолданылады» [5, 52] деп айтқан болатын.

«Омырауы есіктей», ойсурет құрылымында танылып тұрған гиперболалық теңеу. Асырып айтуды ақын өте орынды қолданады. «Омырауы есіктей» дегені бойы ұзын, екі иіні жалпақ деп автордың бейнесін сомдап тұр.

Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең.
Білімді туған жақсылар,
Аз да болса көппен тең.
Жақсысы кеткен ауылдың,
Артынан жақсы шықпаса,
Өртеніп кеткен жермен тең.

Қайырлы болса баяжан,
Дария шалқар көлмен тең.
Қайырсыз болса жаман бай,
Ел қонбаған шөлмен тең,
Мінезді болса жолдасың,
Күнде сонар қызбен тең.
Жаман болса жолдасың,
Астыңнан өткен сызбен тең.

(«Ағайының көп болса» 1, 288).

Келесі қарастырылатын теңеулерсинтаксистік тәсіл арқылы жасалған. Синтаксистік теңеу тәсілінде толық мағыналы сөздер қатысады. Мұндай сөздер қатарына «ұқсау», «тең» салыстыру мағынасындағы сөздер жатады.

Синтаксистік тәсіл арқылы жасалынған теңеу – «қолмен тең». Егерде ағайын-туыстарын көп болса, олардың қолдауы, күші ұлы әскермен тең деп салыстырып тұр. Аталған «шерік» сөзі тілдік деректерге қарасақ, көне түркі жазуларында да (Оғыз нама, Құтты білік, Диуани лұғат ат түрік т.б.) «әскер» мағынасында кездеседі және көптеген түркі тілдерінде дәл осы мағынада қолданылады. Мысалы, ұйғыр тілінде черик – қолбасшы, жауынгер, монғол тілінде *церік* – *әскер*.

Келесі қарастырылатын теңеулер – «көлмен тең», «шөлмен тең». Автор «Қайырлы болса баяжан айдын шалқар көлмен тең, қайырсыз болса жаман бай тартылып қалған шөлмен тең» деген екен. Осы сөздердің мәніне тереңірек үңілсек, күрделі мәселені көтеріп жатқанын байқаймыз. Кейбір адамдар байлықты менікі деп түсінеді. Шындыққа тура қарасақ, ол Алла Тағаланыкі. Сондықтан жиған мал-мүлкін өз басыңа ғана жұмсауға болмайды. Байлықты жиғанда қайыр үшін жинау керек. Байлықтың екі түрі бар. Біріншісі – материалдық, екіншісі – адамның пейілінің байлығы. Қазақайтады «Малымды алсаң, ал Құдай! Пейілімді алма!» деп. Байлар бізде көп, бірақ олардың пейілдері тар болғаннан кейін халыққа еш пайдасы жоқ. Осы себептен де қазір байлар туралы халық арасында жағымсыз пікір қалыптасқаны айдан анық.

Синтаксистік тәсіл арқылы жасалынған теңеулер – *сонар қызбен тең, астыңнан өткен сызбен тең*. «Мінезді болса жолдасың, күнде сонар қызбен тең. Жаман болса жолдасың, астыңнан өткен сызбен тең» – деген өлең жолдарында Ақтамберді жырау жақсы жолдасты «күнде сонар қызға», жаман жолдасты «астыңнан өткен сызға» теңеп тұр. Сонар деген жаңа жауған, аязға ілігіп қата қоймаған қар. Сол жаңа жауған қарды ары таза, тұрмыс құрмаған қызға теңеп тұр.

5 Қорытынды

Түйіндей келгенде, Ақтамберді көркемдеудің ең бір көп тараған түрі – теңеуді көріктеу құралы ретінде қолданған. Ақын бұл тәсілді өмір шындығына сәйкес келетіндей етіп қолданудың үлгісін көрсетті. Сол арқылы теңеу тек сипатталып, аталып қана қоймай образды түрде көз алдымызға елестейді. Сондықтан да, ақын поэзиясының көркемдігінің бір сыры- теңеулердің қолданысы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ақсауытты Ақтамберді: зерттеулер, деректер, мұралар (құрастырған Ә.Ысқақ)/ – Астана: Фолиант, 2011. – 408 б.
2. М.Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» Алматы, 1995. – 206 б.
3. Ж.Тілепов «Ел мүддесі – ерлер еншісі» – 2 том. – Алматы: «Дәуір-кітап» баспасы, 2017. – 384 б.
4. «Қазақ әдебиетінің тарихы» 3 том Алматы: Ғылым, 2000. – 568 б.
5. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1978. – 192 б.
6. Бекбосынова А.Х., Сырбай Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу. – Қостанай. ЖШС. «Центрум», 2014. – 152 б.
7. Әмірбекова А.Б. «Қазақ мәдениетін таңбалайтын этномаркерлік бірліктердің қалыптасуы// Тілтаным» – Алматы, 2009. – №3 (35). – 88-92 б.

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., ЖУМАБАЕВА, А.А.

СПЕЦИФИКА ПРИМЕНЕНИЯ СРАВНЕНИЙ В СТИХОТВОРЕНИИ АКТАМБЕРДЫ

В статье проведен лингвистический анализ высказываний видного общественного деятеля, жырау, героя XVIII века Ақтамберды Сарыұлы. Одним из средств выразительности на языке произведений Ақтамберды является специфика применения сравнения. В данной статье было проведено исследование «Казахские сравнения» ученого Т. Конырова, которое раскрыло лингвистический вид сравнения и всесторонне изучило способы его создания и синтаксическую структуру.

Ключевые слова: Ақтамберды, жырау, сравнение, разбирать, стихотворении.

BEKBOSYNOVA, A.H., ZHUMABAEVA, A.A.

THE SPECIFICS OF THE USE OF COMPARISONS IN THE POEM AKTAMBERDY

In the article the linguistic analysis of the statements of a prominent public figure, zhyrau, the hero of the 18th century Aktamberdy Saryuly is carried out. One of the means of expression in the language of Aktamberdy's works is the specificity of comparison application. In this article the study "Kazakh comparisons" by the scholar T. Konyrov was carried out, which revealed the linguistic type of comparison and comprehensively studied the ways of its creation and syntactic structure.

Key words: Aktamberdy, zhyrau, comparison, parsing, poem.

ӘОЖ 428

Безаубекова, А.Д.,

филология ғылымдарының кандидаты

А. Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Қостанай, Қазақстан

Бейбітова, Н.Б.,

1 КЯЛ-22-112-10(3) «Қазақ тілі және

әдебиеті» факультет студенті

А. Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Қостанай, Қазақстан

**ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНДАҒЫ ЕМЛЕ ҰСТАНЫМЫНТАНДАУ ҚАҒИДАТЫ
(Байтұрсын принципі)**

Түйін

А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің өзге салаларындағы еңбегі бір төбе болса, әліпби, жазу теориясы, емле жайындағы еңбегі бір төбе. Мақалада емлені әлді және әлсіз позицияға қойып тексеру әдістері арқылы негіздейтін бүгінгі орыс жазу нормасына талдау жасау және қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері туралы ғалымдардың пікірлері талқыланады.

Кілт сөздер: емле, принцип, үндесім, фонема, позиция, жазба тіл, ауызша тіл.

1 Кіріспе

А.Байтұрсынұлының жалпы лингвистикада алатын орнын белгілі ғалым Н.Уәли былай деп тұжырымдаған: **“Жалпы тіл білімінде тұңғыш фонолог деп әдетте әліпби түзушілерді атайды (олардың фонологиялық зерттеу жазуы шарт емес). Олай болса қазақ тіл біліміндегі алғаш фонолог – А.Байтұрсынұлы”**. Ғалымның қазақ тіл білімі үшін сіңірген еңбегі өте зор, оның ішінде қазақ жазуының емле ұстанымын айқындаған алғашқы ғалым екені сөзсіз.

Ең бірінші, ғалым А.Байтұрсынұлы жазудың басты екі түрін (таңба және әріп), сонымен бірге жүйесін төртеке бөлген (таңбаша, дағдыша, туысша, дыбысша) деп жүйелеген еді. Бұл жалпы жазу теориясындағы жазу типімен түрлеріне сәйкес келеді. Мысалы, Л.В.Зиндер жазудың тегі семасиографиялық немесе идеографиялық және фонографиялық болып бөлінеді дейді. Ал таңба жүйелі емле, тарих жүйелі емле, туыс жүйелі емле, дыбыс жүйелі емле деп орфографиядағы тарихи принцип, этимологиялық принцип, морфологиялық, фонетикалық принциптерді атағаны. Бүгінгі ағылшын жазуын дәстүрлі немесе тарихи принциппен жазылады дегеннен гөрі, әр сөздің жазылуын жаттауға тура келетін идеографиялық принципке жақындайды деген пікірлер де ғалымның осы көзқарасын растайды.

Қазақ жазуының алғашқы кезеңі емле принципін айқындап алу қиындылығымен өлшенді десек, бұл шешуші міндет-ті ғалым **“туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қиналмай өтетін, екеуінің арасынан жол тауып беретін”** төмендегі ұсыныстар арқылы шешкен:

- “1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандағы естілуінше жазылу.
2. Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.
3. Үйлестікпен дүдәмәл естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу.
4. Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу.
5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз – бәрі де қосарлық белгімен жазылу.
6. Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады.
7. Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу.
8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу”.

Бұл пікірді **“полагаю, что практически для тюркских народов самое правильное было бы – комбинация фонетического и этимологического принципов, комбинация в каждом отдельном случае своеобразная и разная, ибо правил общих тут никак нельзя дать”** деп пікірді Л.В.Щерба қайталады [1, 210-211 б].

Бүкіліне белгілі 70-80жж. фонетика, орфографияға байланысты оқулық, емле сөздік кітаптарында, қазақ орфографиясының бірден бір негізі морфологиялық, себебі сөзді қалай естілсе солай емес, негізгі тұлғасын сақтап жазу қажет деген ой-пікірлер айтыла бастап еді. Осы айтылған әдісті ғалым: **“Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда бір түрлі, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. ...Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді”**, – деген екен [2, 212 б]. Сол себептенде емлеміздегі туыс жүйелі қатысқан жүйелеріне аса назар аудармай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік. Барлық дыбыстардыңөзіне ғана тән өзіндік үйлесімі бар болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі ешқандай талдауға түспей, қалай айтылса солай қағаз бетіне түсірілсін дегенде ұсыныстар мен пікірлерде көп болғанын айтады ғалым. Осындай бір-біріне шимайланған жіптей жатқан кері тұжырымдарды шешу, оған дәйекті дәлел келтіру тек А.Байтұрсынұлының қолынан келді десем артық емес.

2 Материалдар мен әдістер

Емле – ол кез келген жазба тілдің орфографиясында қолданылатын негізгі принциптері. Қазіргі таңдағы емледе қосымша түбір сөздің аяққы дыбысына не болмаса түбірдегі

дауысты дыбысқа үндесіп, үйлесіп таңбалануы ешқандайда түйіткіл туғызбайтыны сөзсіз. Аффикстік морфемалар немесе сөз тудырушы түрлендіруші жұрнақтар болса да әлденеше (әдетте жазу нормасына алтауға дейін, ауызша тілдерде тоғызға дейін) нұсқада болып келеді.

3,4 Нәтижелер мен талқылаулар

Ғалым А.Байтұрсынұлы, мысалы, жедел өткен шақтың жалғауын тек ұяң түрімен таңбалауды дұрыс санаған. **“Сондай орындарда күңгейленбейтін айқын жерге келтіріп айтып, сондағы естілуінше жазу”**. Мәселен: “Қасекең сау күндегі әнге басты” дегенде “басты” деген жіктік жалғауындағы **“т”** дыбысы естіле ме, **“д”** дыбысы естіле ме – Дүдәмал, ашық емес. Жанындағы **“с”** дыбысының әсерінен түрленіп, нақтылы естілмей қалады. Сол сияқты септік жалғаулары да көмескі естіліп, дүдәмалдік танытатын жерлерде, аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек дейді. Позициялық әсері жоқ дыбыстарға **л, р, з** фонемаларын жатқызады. Мысалы: балдың, қардың, қозда. Бұл дыбыстардың неге позициялық әсері болмайтынынан бұрын, ал-дымен ғалымның осы жазу арқылы қазақ тілінің типологиялық сипатын айқындап алғысы келгенін байқайтын сияқтымыз. Ғалымның шартты рай жұрнағы **-са, -се ме**, әлде **-ша, -ше -ме** дегенді анықтау үшін неғұрлым тәуелсіз позиция ретінде қонса, сепсе, келсе, қуса, қанса тұлғаларын тандап алуы – кешше (кешсе), пішше (пішсе) сөздерінде бұлар әлсіз позицияда алдыңғысында әлді позицияда тұрғанын анықтағаны. [3, 128-137 б]. А.Байтұрсынұлының осы ойы, емлені позицияға салып қарау әдістері арқылы негіздейтін бүгінгі орыс жазуының қазіргі нормасында танылып келеді.

Бүгінгі жалпы қазақ жазуының мәселесі болып отырған **ы, і** әріптерінің емлелік ұстанымы болса, ғалым үшін мына ой- пікірі жазудың тарихы үшін аса маңызды: **“Оны қалдырмастан жазамыз сөздің аяғында. Ортасында я басында ашық естілетін орнында. Түбір ішінде, сөз басында ы- ны жазса да, жазбаса да солай оқитын орындарда, жазбағанда оқуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажеті жоқ - деп айтады. Мәселен: қн (қын), қр (қыр), жылтр (жыл-тыр), мсқ (мысық).**

Ғалым өзінің жазу принциптерін қарапайым жалпыхалықтық тілге сүйеніп отырған: **«Емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек»** дейді Ахмет Байтұрсынұлы.

Сонымен қатар, ерін үндесіміндегі **“ы”** әрпінің қағаз бетіне жазылуы немесе жазылмауы, әрине ол дыбыстың естілу естілмеуіне байланысты. Мәселен: лыпа, леп, лепес, лап қойды, лаулап жанды, лоқы, лықылдап, Ленін, Лепсі деген сөздердің алдында келген **“л”** тап-таза **“ы”**-сыз естіліп тұр. Оған **“ы”** жазудың керегі жоқ. **“Ылай, ылайық, ылаж, ылау, ілім, ілік, ылғи”** деген сөздерде **“л”** алдында **“ы”** анық естіліп тұр». Ал күмән туғызатын жерлерді анықтаудың әдісін өлең өлшеуі деп айтады ғалым.

Ахмет Байтұрсынұлы **h** әрпін қазатын төл дыбысында ғана кездеседі деп көрсеткен: **«Шаршағанда – уh, жақтырмағанда түh, өкінгенде – ah және әh, үнлеу, үнлеген, ahламақ дейміз»**. Жұмсалатын немес қолданысқа түсетін жерлері аздау болса да, тілімізде қалыптасқан төл дыбыс болғаннан кейін, жоқ болса орны көрініп тұрады дейді. Ал **х** дыбысын **қ**-ның жұптық реңкі деп көрсетеді. Себебі, ғалым **х** дыбысының мағыналарды ажырататыны шамалы дегенге саяды. Мысалы: халық – қалық, құрметті – хұрметті, хажы – қажы деген сөздердің қайсысын қолдансақ та түсінікті дейді. Ғалым айтқан дыбыстардың ішіндегі жалғыз халықтық қолданыс тілі **х** әрпімен жазылып таңбаланып жүр. Сонымен бірге молда немес қажының тілдік қолданысындағы сөздері реңкке көшкен. Мәселен, дастархан – дастарқан, дихан – дикан, рахмет – рақмет деген сияқты, екінші сыңары жазуда нормасынан кодификацияланған сөздермен толықтырып айтуға балады – деп ой-пікірін қалдырған еді.

5 Қорытынды

Қортындылай келе, ғалым А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің лингвистика мен әліпбиін, емле ұстанымы мен орфограммалау әдістерін бөліп жүйелеген тұңғыш лингвист ғалым. Ғалымның тұжырымдарына сүйене отырып бұрынғы және жаңа емлені жанастырып, талдауға, талқылауға салып түзетулер енгізу арқылы өзіміздің сонау тарихы бар тілдік жүйемізді одан әрі жаңғырта аламыз деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақ жазуының тарихы мен теориясы» Күдерінова Қ.Б. – Алматы: Елтаным баспасы, 2013. – 242 б.
2. Емле туралы «Еңбекші қазақ» 1929. 27-март. Мақаланы қазіргі графикаға аударған О.Жұбаева «Ұлттың ұлы ұстазы» Алматы, 2001. 128-137 б.
3. Байтұрсынұлы А. «Тіл тағылымы» Алматы: Ана тілі, 1992. – 414 б.
4. Жазу нормалары туралы «Қазақ жазуының теориялық негіздері» Күдерінова Қ.Б. Алматы, 2010. – 269 б.

БЕЗАУБЕКОВА, А.Д., БЕЙБИТОВА, Н.Б.

ПРИНЦИП ВЫБОРА ОРФОГРАФИЧЕСКОЙ ПОЗИЦИИ В КАЗАХСКОМ ПИСЬМЕ. (ПРИНЦИП БАЙТУРСЫНА)

Работа А.Байтұрсынұлы в других областях обучения казахскому языку такая же, но такая же его работа в области алфавита, теории письма и орфографии. В статье рассматривается анализ современной нормы русского письма, в основе которого лежат методы проверки правописания в сильных и слабых позициях, а также мнения ученых об основных правилах правописания казахского языка.

Ключевые слова: правописание, принцип, интонация, фонема, позиция, письменная речь, разговорная речь.

BEZAUBEKOVA, A.D., BEIBITOVA, N.B.

THE PRINCIPLE OF CHOOSING AN ORTHOGRAPHIC POSITION IN THE KAZAKH LETTER. (BAITURSYN PRINCIPLE)

The work of A. Baitursynuly in other areas of teaching the Kazakh language is the same, but his work is the same in the field of the alphabet, theory of writing and spelling. The article deals with the analysis of the modern norm of Russian writing, which is based on the methods of checking spelling in strong and weak positions, as well as the opinions of scientists about the basic rules of spelling of the Kazakh language.

Key words: spelling, principle, intonation, phoneme, position, written speech, colloquial speech.

ӘОЖ 811.512.122

Бекбосынова, А.Х.,

қауымдастырылған профессор,
филология ғылымдарының кандидаты,

Мәлікзада, А.М.,

6B01701 – қазақ тілі мен әдебиеті

Білім беру бағдарламасының 2-курс студенті,

А.Байтұрсынұлы атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Ө.Сұлтангазин атындағы

педагогикалық институты,

Қазақстан, Қостанай

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНДАҒЫ «БАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ

Түйін

Бақыт ұғымын әр адам әр түрлі түсінетіні анық. Берілген мақалада ойшыл-ғұлама Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы «Бақыт» концептісінің мән мағынасын ашуға бағытталған. Сонымен қоса, өзге де ойшылдардың бақыт жайлы білдірген пікірлерін осы мақалада қозғалады.

Түйін сөздер: бақыт, құт-береке, дәулет, біліктілік.

1 Кіріспе

Жүсіп Баласағұн Х ғасырдың соңы мен ХІ ғасырдың алғашқы жылдарында қазіргі қазақ елінің жер ауқымына енетін ежелгі Баласағұн шаһарында туып өскен, атаулы этикалық-философиялық даналық мұрасын жазып қалдырған ғұлама ғалым, ойшыл ақын. [1,7]

Жүсіп Хас Хажибтан бізге жеткен шығармасы «Құтадғу білік» («Құтты білік») дастаны. Өзге шығармаларынан мәліметтер кездеспейді. Демек, ғұлама ойшылдың жазған басқа да туындаларының тағдыр қыртысында қалып қойып, біздің заманымызға жетпей қалуы әбден мүмкін екенін аңғарамыз. Бұл дастан жайлы М.Орынбеков «Орта ғасырдағы түркі ойшылдары» атты еңбекте былай деп жазады: «Құтадғу білікті» (Құтты білік) 1069 жылы автор Қашқар қаласына қызмет бабымен ауысқанда жазды. Қараханид Сарайы 85 тарау, 6.520 бәйіттен тұратын және 124 қосымша бәйіттен тұратын еңбекті жоғары бағалап Баласағұнға бас кеменгер, сарай министрі тағын берді» [2,365].

2 Материалдар мен әдістер

Мақала жазу барысында талдау әдісі пайдаланылған. Ғұлама Жүсіп Баласағұнның дастанындағы бақыт мәселесі берілген шумақтарға талдау жасау арқылы баяндалған.

3,4 Нәтижелер мен талқылаулар

Бақыт концептісі көптеген ғылым салаларының фундаментальды ұғымы болып табылады. **Бақыт**- зат. 1. *Бақ, зор қуаныш, шаттық.* 2. *Адамның өмір қызығы мен қуанышына, рақатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым.* [3,646]

Қазақ халқының дүниетанымында «бақыт» концептісімерейі үстем болу, жолы болу, тасы өрге жорғалау, жақсылыққа кенелу деген сияқты т.б. асыл қасиеттермен өмір сүру дегенді білдіреді. Адам баласы өмір бойы бақытты болуы мүмкін емес, бірақ оның өмірінде бақытты сәттері көп болуы әбден мүмкін.

Бақыт ұғымы *құт, береке, дәулет* сөздерімен синонимдес келеді. Құт сөзінің мағынасы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «**Құт** зат. *Береке, байлық, мол қазына* [4,456]» деп берілген.

Дәулет зат. 1. Қоғамның не жеке адамның материалдық игіліктерінің жиынтығы, байлық. 2. ауыс. Бақ, ырыс. [5,586]

Береке зат. 1. *Ырыс, моливлық, құт.* 2. *Ауызбіршілік, ынтымақ.* [6,275]

Бақыт ұғымының мәнісін ашу үшін көнеден бүгінге дейін халық мұраларын, соның ішінде Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, М.Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи және т.б. ойшылдардың еңбектерінің алатын орны ерекше.

Ұлы ойшыл Әл-Фараби «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету туралы», «Бақытқа жету жолының көрсеткіші», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері» атты трактаттары осы бақыт ұғымына арналған. Ғұлама: «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгісіз бір жетілу болып табылады. Мұны түсіндіріп жату [артық] сөзді керек етпейді, өйткені бұл – мейлінше белгілі [нәрсе]» [3,130] - дейді.

Қожа Ахмет Иасауи бақыт түсінігін – «адамның рухани кемелденуі, Хақ тағаламен қауышуы, ақиқатқа қарай өрлей түсу ұстанымдары арқылы өз мәнін айқындап, әділеттілік, адамгершілік, қарапайымдылық, кішіпейілділік және т.б. этикалық қағидаларды адамның өз бойына сіңіруі барысында ғана қалыптасып, материалдық пен тәндік құмарлықтарды шектеумен шартталған синкритті концепт екендігін тани аламын» [3,64] - деп тұжырымдайды.

Түркілік дүниетанымдағы бақыт түсінігінің бір қырын Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының алғысөзінен байқауға болады.

*Кітап атын «Құтадғу білік» қойдым –
Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың.
Жазған кітап, сөйлеген сөздерімен,
Екі дүниені ұстауды көздедім мен.
Көрген адам, қызығын қос жалғанның,
Бақытты жан сөзімде жоқ жалғандық.* [1,107)

Алғысөзден аңғаратынымыз Жүсіп Баласағұн шығармасында бақыт түсінігін кісілік және ислам қағидалары арқылы жеткізгісі келген. Ол бақыт пен құт-береке қайнар бұлағы Құран Кәрім кітабында нағыз бақытқа жету жолдарының бар екендігін айта келіп, екі дүниені де тең ұстай білген адам нағыз бақытты адам деп ой қорытындылайды.

Жүсіп Хас Хажиб «Құтты білік» дастанында бақыт бейнесін Айтолды арқылы көрсеткен. Айтолды жомарт жанды, сабырлы, зерек, көркем мінезді, шыншыл, өнерлі адам ретінде бейнеленеді. Ол дастанда Әділет бейнесі Күнтолды бекке қызмет қылу үшін арнайы іздеп барған.

*«Бек» деген «құт»! Жақын жүрсе кісі оған,
Бар тілегі қабыл болып ісі оңар!
Бұл Күнтуды, тараған даңқы жұртқа
Бақытты жан, балаған жұрты құтқа. [1,130]*

Ойшыл өз шығармасында бақыт пен құт-береке ұғымдарын бір-бірімен ұштастыра баяндап, бірінің орнына бірін алмастырып отырады:

*Ақыл – қолдар, ал білімнен құт туар,
Бұл жалғанның құлқын саған ұқтырар. [1,111]*

Түркі тілдес халықтардың қоғамдық пікірінде ерекше көзге түсетін тұлға – Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» атты еңбегінде де «бақыт» сөзінің орнына құт сөзін пайдаланған. М.Қашқариде «құт» – бақыт сөзінің бір ғанақырын ашып отырғандығы, бірақ оны тек Тәңірі беретіндігі айтылады. [7]

Халқымыз құт, бақ-береке ұғымдарына өте үлкен мән берген. Ғұлама осы ұғымдар жайлы өз шығармасында былайша толғанады:

*Құт-дәулетке жарық көңіл жарасар,
Дана жүрек шыққан күнмен таласар!
«Бақыт қонса, шаңырағыңа күтпеген,
Кішіктікпен, байқап, соңын күт деген.*

Баласағұнның ойынша, құт-береке, бақыт күтпеген жерден келеді. Бақытқа күтпеген жерден кенелу қаншалықты оңай болса, соншалықты одан айырылып қалу да оңай. Шыныменде, Басымызға бақыт құсы қонса соңынаартын бағып, «болдым, толдым» деген ойдан арылу қажет.

*Бақ та білсең, білікті ерге лайықты,
Өзің де, ісің де байыпты.*

Құт-береке де адам таңдайды. Бақытты адам болу үшін сол атқа лайық болуымыз керек. Бақытқа кімдер лайықты? Білікті де білімді, әрнәрсеге сабырмен қарайтын, өз ісіне байыпты адам барлық құт-береке, бақыт атаулыға лайықты бола алады. Ж.Баласағұн дастанында осы аталған адами, көркем қасиеттердің бойымыздан көрініс табу керек екендігі айқын көрінген. Әрине, бақ-дәулет кез-келген адамға қонуы мүмкін. Бірақ оның қолда ұзақ болу, болмауы адам бойындағы мінез-құлыққа байланысты болады.

*Дәулет қона, ақымақ та «зиялы»,
Кісіліктен бөлек, әттең сияғы...
Дәулет қонса ақылдыға, ағайын,
Шуағымен нұрландырар маңайын. [1,222]*

Егер дәулет көркем мінезді, ақылды, дана адамға қонса, ол айналасына қуаныш сыйлап, шаттық нұрынашашып жүреді. Міне, көркем мінезді адамдардың бақ-дәулетке лайықты болуының бір себебі.

*Біліксіздің дәулет артын жабады,
Біліктіге құрметтеп тон жабады.
Ақымаққа қонған бақыт тоналар,
Қалай қонса, солай ұшып жоғалар!*

Дәулет екі түрлі адамға қонатындығын айттық. Дәулетті болу атақты, абыройлы болумен мағыналас деп ойлаймын. Сонымен қатар оның өзі екі түрлі жолмен келеді.

Мәселен бір адамдарға атақ, абырой ата-анасының ұлы адам болғандығынан келсе, екінші бір адам атақ-абыройға өз еңбегімен, біліктілігімен көтеріледі. Бірінші аталған түрге жататын адамдардың бойында бұл қасиет ұзақ сақталмайды. Бұл тек ол адамдардың артын ғана жапса, білікті адамдарды айналасы сыйлап, құрметтеп үстіне тон жабады. Ақымаққа қонған дәулет өзімен-өзі уақыт өте жоғалып кетеді.

*Бұл сөздер мен төркіндес сөз бар тағы,
Асыл сөздер бірін-бірі тартады:
Ақылдыны бақ құрметке бөлейді,
Күн мен түнін кереметке теңейді.*

Бұл үзіндіден байқатынымыз, Баласағұнның ойынша, егер бақ-дәулет пен құтты қадірлемесек адамның басынан тез ұшып кетеді.

*Дәулет үркек, ор киікке ұстаған,
Қонса келіп, жөні тас қып тұсап ал!
Тұта білсең, дәулет тозып, безбейді
Қолдан шықса, қайта айналып келмейді!
Сенбе құтқа: келсе, кетіп қалады,*

Сенбе баққа: береді һәм алады, [1,140] – сияқты жолдармен ғұлама бақ-береке, құт-дәулет ұғымдарын ор киікке теңей отырып оның тұрақсыз екенін жеткізеді.

Ғұлама ақын «құт дарыған елдің адамы қандай?» деген сұраққа былайша жауап берген: «Құт-бақытқа кенелсем деп тор құрушылар көп. Бірақ ол қасиетті адамға ғана қонады. Құтты іздеген адам жібек мінезді, көңілі таза, тілі майда, жігерлі болып, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге мейірін төксе, араз көңілді тыйып ұстаса, осы қасиеттер – құтты ұстаудың құлып-кісені».

5 Қорытынды

Қоғамда әр адам бақыт, құт-береке ұғымын әрқилы түсінеді. Кейбір адамдар бақытты ақша деп түсінсе, кейбірі денсаулық, ал кейбірі мүлде басқаша ұғынады. Мен үшін бақыттың ең басты құндылықтары – отбасы. Егерде сенің жолың болмай қалса да, биікке өрлеп, сәттілікке қол жеткізсең де сенің жаныңнан әрдайым табылатын ол – отбасың. Айналамызда әке-анамыз, бауырларымыз, туысқандарымыз төрт көзі түгел болса ондан асқан бақыт жоқ шығар бәлкім.

Бірақ отбасымыз бізбен мәңгі бірге болмайды. Ал бойымыздағы көркем мінез, ақылдылық, біліктілік әрқашан көрініс табады.

Ғұлама Баласағұнның айтқанындай егерде қолдағы бар бақытымызды бағалап, қадірлей білсек, Тәңіріміз мерейімізді одан әрі үстем етпек. Өмір бақыттан емес, бақытты сәттерден құралатындығын ұмытпағанымыз абзал. Сондықтан да Тәңіріміз бұйыртқан әрбір бақытты сәттерімізге шүкіршілік айтып жүрейік.

Әдебиеттер тізімі

1. Егеубай А. Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн. Құтты білік. – Алматы: «Өлке», 2006. – 640 бет.
2. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. Астана: Аударма, 2005. – 528 бет.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст.: Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О.Нақысбеков және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. 2-том. – А – Б. – 744 бет.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том / Құраст.: М.Малбақов, Н.Оңғарбаева, А.Үдербәев және т.б. – Алматы, 2011. 10-том. – Қ – М. – 752 бет.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том / Құраст.: Н.Әшімбаев, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы. 2011. 4-том. – Б – Д. – 752 бет.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том / Құраст. Б.Сүйерқұлова, С.Жалақов, Т.Жанұзақов және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. 3-том. – Б-Б. – 744 бет.
7. Бижанова М. Ортағасырлық түркі философиясындағы бақыт мәселесі. Филос.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. А., 2010.

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., МАЛИКЗАДА, А.М.

ПОНЯТИЕ «СЧАСТЬЕ» В ЭПОСЕ ЮСУПА БАЛАСАГУНА «КУТТЫ БИЛИК»

Понятие счастья каждый человек понимает по-разному. Данная статья направлена на раскрытие смысла концепта «счастье» в произведении мыслителя-ученого Жусупа Баласагуна «Құтты-білік». Кроме того, в этой статье будут затронуты мнения других мыслителей о счастье.

Ключевые слова: счастье, благословение, богатство, знания.

BEKBOSSYNNOVA, A.KH., MALIKZADA, A.M.

THE CONCEPT OF «HAPPINESS» IN YUSUP BALAGUN'S EPIC «KUTTY BILIK»

Everyone understands the concept of happiness in different ways. This article is aimed at revealing the meaning of the concept of "happiness" in the work of the thinker-scientist Zhusup Balasagun "Kuttybilik". In addition, this article will touch on the opinions of other thinkers about happiness.

Key words: happiness, a blessing, wealth, knowledge.

ӘОЖ 811.512.122

Бекбосынова, А.Х.,

филология ғылымдарының кандиданты,
қауымдастырылған профессор м.а,

Махшатова, К.Б.,

«БВ01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»

білім беру бағдарламасының 2 курс студенті,

А.Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Ө.Сұлтангазин атындағы

педагогикалық институты,

Қазақстан, Қостанай

ҚОРҚЫТ ТУРАЛЫ АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

Түйін

Қорқыт ата бүкіл түркі халықтарына ортақ ойшыл, жырау, қобызшы. Берілген мақалада Қорқыттың өмір сүрген кезеңдерінің ақиқаты мен аңызы, оның ерекшеліктері, айырмашылықтары мен ұқсастықтары қарастырылды. Сонымен қатар, ұлы тұлғаны зерттеген ғалымдардың пікірлері көрсетіледі.

Кілт сөздер: Қорқыт, аңыз, ақиқат, тарих, «Қорқыт ата кітабы», түркі халықтары.

1 Кіріспе

«Тамырсыз ағаш, ал тарихсыз халық болмайды», - деген екен халық даналығы. Сол тарихты зерттемей, шаң басып қалған беттерін қарамай, ертеңгі күнімізгеаяқ басу мүмкін емесекендігі анық. Тарихымызға көз салып қарасақ, әр дәуірдің өз дара тұлғалары, ел мен қол бастаған батырлары, сөздің құдіретін көрсеткен шешендері болған. Дәл солардың бірі, түркілердің қайталанбас кемеңгер ойшылы – Қорқыт.

Қорқыт ата–түркі халықтарының барлығына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы, әдебиеттегі ұлы бейненің бірі. Оғыз-қыпшақ тайпаларының VI-IX ғасырлар шамасында өмір сүрген данышпаны. Ұлы ойшыл туралы тарихи мәліметтер де, аңыз-әңгімелер де өте көп. Бұлардың ұқсастығы да, айырмашылықтары да жетерлік. Қорқытесімі – түркі тілдес халықтар арасында кеңіненмәлім. «Қорқыт ата кітабы» – түркі елінде кең тарап келген аңыздар негізінде XI ғ. шамасында жазылған шығарма. Қорқыт – тарихта болған өнер иесі, заманының ақсақал-биі, батыры, даңқты ақылгөядамы. Зерттеушілер пікірінше ол оғыз-қыпшақтардың Баят-қият руынан шыққан, VIII-IX ғасырларда өмір сүрген. Қорқыт істерін әр

халық әр түрлі аңыз еткен, оның атын әулиелер қатарына қосқан. Қазақ аңыздарында да Қорқыт көп жасаған көреген, ақыл иесі дана, ел мұңын жырлаған күйші, қобыз өнерінің атасы болып келеді [1,36 б].

Қорқыт– өмір, жер бетіндегі тіршіліктің мәні, оның мәңгілігі жайында ойландыратын даналық бесігі. Өлген қайтып тірілмейді, бірақ оның артында қалған мұралары мәңгі сақталады. Қорқыттан қалған мұралар бүкіл түркі халқын біріктіретін көпір іспеттес.

Қорқытата мұрасын жан-жақты зерттеу ісі қай уақытта болмасын өзекті болып қала бермек.

2 Материалдар мен әдістер

Мақала жазу барысында данышпан Қорқыттың өмірінен материалдар жинақталды. Сонымен қоса, Ә.Марғұлан, Ә.Диваев, Н.Келімбетов секілді ғалымдардың зерттеулері қолданылды.

3,4 Нәтижелер мен талқылаулар

Қорқыт туралы жан-жақты зерттеусонғы жылдары қарқынды өсіп келеді. «Қорқыт ата» деп аталатын энциклопедияда Қорқыт туралы аңыздар, күйлер, «Қорқыт ата» кітабы, әдебиет пен өнердегі бейнесі, артында қалған мұрагерлерінің оқиғалары енгізілді. Ол туралы деректер халыққа әртүрлі жолмен жеткен болатын. Кей деректерде ол аңыз кейіпкері болса, ал енді біреулері тарихи тұлға деп қарастырады.

Қорқытты көп ел біледі. Азия, Орта Азия, Азербайжан, Түркия, Кавказ, Қазақстан елдеріне түгелдей дерлік мәлім. Біреулері оны – әулие, пайғамбардың досы десе, екіншісі – имам, бақсы, үшіншісі – Қызыр аруақ, төртіншісі – батыр деп, бесіншісі – өнер иесі, қобызшы, жыршы, алтыншысы – асқан данышпан иесі, ізгі іс-әрекеттерді бастаушы, алдын болжайтын, көріпкел – деп түсінеді. Әртүрлі айтылғандығымен, барлық қасиеттерді бір адам бойынан көреді.

Қазақстанда, Әзірбайжанда және Түркияда Қорқыт туралы аңыздардың көптігі таңқалдырады. Қазақстанда көбіне Қорқытты аңыздық бейне деп қараса, ал Түркия мен Әзірбайжан оның тарихи тұлға екеніне күмән келтірмейді. Түрік жазушысы және түркологы Фуат Капрю былай дейді: «Егер бүкіл түрік әдебиетін таразының бір басына, «Қорқыт ата» кітабын екінші басына тартса, соңғысы басып кетеді» [2,144].

Қазақ аңыздарындағы дана Қорқыт «Қорқыт» дастанындағы бейнеге жақынырақ. Бұл Қорқыт халықтың кемеңгер ұстазы, ақылшы батагөйі, кеңес беретін данасы. Мұны қазақтар «Қорқыт ата», «Қорқыт әулие» деп атаған. Баласыз ата, панасыз жас, шөгіп қалған бейбақ-бәрі оның аталық панасына келіп, тыныс алып, оның ақылымен, кеңесімен күш жияды. Дана Қорқыт мезгіл-мезгіл сәуегейлік болжау айтып, ілгеріде не болудан хабар береді. Толғаусарын жырларымен, өсиет сөздерімен, қобыздың күйімен халықты ойға түсіріп, оларды адасудан сақтанатын, дүниеге сын көзімен қарайтын нақыл сөздерімен үгіттейді [3,10].

«Қорқыт айтты» дейтін тақпақ сөздердің көбі қазақ халқының мақал-мәтелдерінде осы күнге дейін кездеседі. «Қорқыт» дастанында «Қорқыт айтты» деген мынадай өлең жолдары бар: «Өшкен келмейді, өлген тірілмейді», «Су тасып шарасынан шықпайды», «Ежелгі жау ел болмас, ескі мақта жіп болмас». «Аталар сөзіндегі» Қорқыт айтқан мәтелдер: «Көп қорқытады, терең батырады», «Жанбырмен жер көгереді, батамен ел көгереді», «Жас өседі, жарлы байиды». Бұл нақыл сөздер артық өзгеріске түспей қазақ тілінде осы күнге дейін сақталған. Әу баста Қорқыт айтқан бұл даналық сөздерді қазақ ойшылдары ғасырлар бойы есінде берік ұстап келген. Бұл әрине, олардың өзі де ой атасы Қорқыттан сарқылмайтын бұлақ көзін мирас еткен, оның кейінгі замандағы ойшыл ұрпақтары екенін көрсетеді. Міне, Қорқыт дәстүрінің қазақ сахарасында кең өріс алып, оның жарқын із қалдырғанын сипаттайтын айқын дәлелдің бірі осы [3,11].

Қорқыттың нақыл сөздері бүгінде Берлин кітапханасында сақталып келеді. Олардың кейбіреулерін неміс ғалымдары жарыққа шығарды. Тақпақ сөздің жалпы саны төрт жүзге таяу. Оны алдыңғы беттері яғни, 75 нақыл сөздері Қорқыт атымен жазылған. Қорқыт кітабының ойларымен бірдей. Кітаптан Қорқыт дәуірінде жасаған 366 ұлы алыптар, 24

данышпан билер, 32 білгіш ел басқарушылар орын алған. Нақыл сарындарының түбегейлі сюжеті – жойқын алыптардың ерлік қасиеттерін ардақтау, оларға үлгі сөздер айту [3,31].

Қорқыт хикаясында «Төбе көз» әфсанасы үлкен бір тарауды қамтиды. Бір таңғаларлығы бұл сөз қазақ пен қырғыздардың ерте дәуірден бері келе жатқан қария сөздері мен ертегілерінде жиі кездеседі. Қазақтар оны «Жалғыз көзді дәу» немесе «Маңдайында жалғыз көзі бар дәу» деп атайды [3,30]. Яғни, бұл жерден байқағанымыз біздің аңызға айналған дүниелеріміз кезінде өзіндік бір тарихы бар мұра болған.

Қазақтар арасында көп тараған аңыздың бірі Қорқыттың өлімі туралы В.Вельяминов-Зернов оның бірін 1867 жылы қазақтардан жазып алған. Ол Қорқыттың өлімнен қашып, ақыры Сыр суының үстіне кілем төсеп отырып, өлімді өзіне жолатпай, 100 жыл өмір сүргенін, оның бойының ұзындығы екі сажын болғанын айтқан.

Осы аңызды И.А.Кастенье де естіп жазып алған. Бұл сияқты аңыздардың бір түрін П.С.Спиридонов Төлес Айшуақовтан 1899 жылы жазып алған. Қазақ жерін көп аралап, бағалы этнографиялық деректер жазып қалдырған И.В.Аничков та Қорқыт қабірін көріп, Сыр қазақтарынан ол туралы көп мәліметтер жазып алған [1,48].

Қорқыт ата туралы сан қилы аңыз-әңгімелердің ішіндегі тағы да қазақ арасында ерте кезден-ақ кеңінен тарағаны – Қорқыттың тууына байланысты. Аңыз бойынша, анасы Қорқытты құрсағында үш жыл бойы көтеріп жүреді. Оны жылына бір рет толғақ қысып отырады екен. Қорқыт туар алдында күллі әлемді үш күн, үш түн бойы көзге түртсе көргісіз қараңғылық басып тұрыпты. Сұрапыл қара дауыл соғып, ел-жұртты қатты қорқыныш сезімі билейді. Сыр бойы мен Қаратау өңірінің аспаны да қараңғы тартып, қарауытып кетіпті. Сондықтан бұл маңай «Қараспан» аталыпты. Ашық күн тастай қараңғы түнге айналған қорқынышты күні туғаны үшін баланың атын «Қорқыт» деп қойған екен [4,118].

Қазіргі кездегі Қорқыт аңыздарындағы ең қызықты сәйкестіктің бірі – өлімнен қашып мәңгі өмір сүретін Жерұйығы Сырдың жағасынан табылады. Ал аңыз бойынша мұнда жер ғарышпен жалғасады. Енді бір ғажабы – адам баласының ғарышқа алғаш жол ашылуы осы жерден басталған болатын.

Қорқытаңыздарының әрқайсысында өзіндік мағына жатыр. Себебі оның өлімнен қашып, жүрген жолдарында кездескен адамдар Қорқыттың көрін қазуының өзі ешқандай адам басына жазған тағыдырынан асып кете алмайтындығын көрсетеді. Бұл жердегі философия «өлмейтін нәрсе жоқ» деген құндылық болып табылады.

Қорқыт туралы аңыздар тарихта болған шын оқиғалармен тығыз байланысып, ұшта-сып жатады. Мәселен, Қорқыт есіміне байланысты ел арасында көп айтылатын сиқырлы шаһарлардың бірі – Баршынкент. Бұл қала, шынында да, Сыр бойындағы сол дәуірдегі ең көрнекті қала болғанын тарихшы-археологтар дәлелдеп отыр. Баршынкент – сұлудың қаласы деген сөз. Оны қазақтар соңғы кезге дейін «Қыз қала» деп атап келді. Аңызда Алпамыс батырдың сүйген жары Баршын сұлу (яғни Гүлбаршын) осында тұрған делінеді. Ал тарихшылар XII ғасырдың атақты ғалымы, өз жырларын түркі, араб және парсы тілдерінде жазған дарынды ақын Х. Баршынұлының осы қалада туылып, осында өмір сүргенін дәлелдейді. Сөйтіп, күй атасы, жыр атасы, данышпан қарт Қорқыт ататуралы қазақ арасында ежелден-ақ сан қилы аңыз-әфсаналар кең тарағаны жақсы мәлім. Соның өзінде мұндай аңыз-хикаялардың бірқатары сол дәуірдің тарихи шындығына жақын тұрады [4,118].

Тарихи жазулардың мегзеуінше, Қорқыт баста айтқан VII-VIII ғасырларда билік құрған Оғыз ханмен замандас. Сондықтан Оғызханның легендасы жүрген жерде Қорқыттың жыры бірге жүреді. Тарих пен шежіре сөзге қарағанда, Оғызда, Қорқыт та Қаңлы ұлысынан өскен. Ескі Оғыз тілінде айтылатын «Қорқыт» жырындағы батырлар тегісімен Оғыз ханның ұрпақтары десе де болады. Арал теңізі бойында осы күнге дейін айтылатын «Баяндар», «Қазанбек», «Байбөрі», «Қарабек» (Қарахан), «Дерсе хан» жырлары Қорқыт эпопеяінің әртүрлі тараулары және тарихтың көрсетуі бойынша, бұл айтқан кісілер бір кездегі оғыз-қыпшақ жұртының ел қорғайтын ерлері болған. Орта ғасырдың асқан ғалымы Рашидеддин

«Монғол тарихында» жазатын Оғыз ханның ақылшы биі, «Жаңакенттік» Ерқыйылқожа дегені, сол ер Қорқыттың өзі болуға тиісті [3,46]

Қорқыттың әңгімелері жай қиялдан ғана шыққан жоқ. Қорқыт бір кездерде қауым тіршілігінде өзінің орны болған әйгілі адам. Қай аңыз адамды алсақ та, ол бір уақыттарда тарихи шындықтан туған. Оның ішінде Қорқытта тарихи адам болған екеніне дәлел бола алады.

Қорқыттың туып-өскен жері Жанкент, қазіргі Қазалының күншығыс жағында 50-60 км жер. Бүгінге дейін сол жерде орналасқан «Қорқыт ата» моласы Қорқыттың Жанкентте өскенін және VII-X ғасырларда аты шыққан адам екеніне дәдел.

Қорқыттың тарихи адам болғанының үлкен бір дәлелі – Орал тауын қоныстайтын башқұрттар арасында «ескі-қырғыз» деген ауыл өздерін осы күнге дейін Қорқыттың ұрпағымыз деп санайды. Оларды ескі заманнан жазылып келе жатқан «шежіре кітаптары» бойынша, Қорқыт заманынан XVIII ғасырдың ортасына дейін Қорқыт ұрпағынан олардың 18 атасы болған. 1913 жылы «Шора» журналында басылған «Ескі шежіре» деген мақалада Қорқыттың бір ұрпағы өздері туралы былай жазады: «Бабаларымыз тарапынан жазылып қалған шежіреге қарағанда, біздің «Тасты» ауылда тұратын «қырғыз (қазақ), башқұрттардың» әуелдегі түбі «қырғыз-қазақ» жұртындағы Бұқара жолында, Сыр теңізі бойында тұратын «Қорқытата» деп аталады. Қорқыттың немерелерінен «Қосық би», «Ақ Еділ» бойындағы «Татыс» суы қасында «Ескі қырғыз» деген ауылды жұрт өзі «Ақбиге бас ұрған» 18 (бағынған) дейді [3,50]. Демек, бұл жерде айтқандай, Оралдағы Қорқыт ұрпақтары барлығы ата қуалаған би, өздерін қазақ ортасынан шыққан «шала қазақ», «шала башқұрт» деп санап, бұрынғы аталарының қонысын «Бұқара жолындағы Аралтеңізі бойы, Сырдария жағасы» деп түсінген. Осы мәліметке қарағанда, Сырдарияның жағасында осы күнге дейін тұрған «Қорқыт моласы» қандайанық тарихи іс болса, дәл солай Қорқыттың да бір кездері тарихи адам болғанын, оның Сырдария, Арал (Сыр) теңізі бойында, Жанкент қаласында» өмір сүргенін көрсетеді. Әбілғазы-Баһадүр мен араб жазушыларының – Қорқыт туралы сөздері осы айтқан шежіре сөзбен бір шығады.

Қорқыттың өсиеті бойынша, оның зиратына қобызы қойылуы мұң екен, аспап самал желдің әсерінен дыбыс шығарып қоя береді. Қобыздың сол әуені қазақтың сары даласында осы күнге дейін естіліп тұрады. Қызылордадағы Қорқыт атаның мазар-кешені ажалдан қашып құтыла алмаған, бірақ қобыздың сиқырлы үнінің арқасында адамдар әлемінде мәңгілікке қалған ұлы сазгерді еске салады. Қорқыт ата шамамен VII-VIII ғасырларда бүгінгі Қызылордаоблысының аумағында, оғыздардың көне астанасы Янкентте дүниеге келген, алайда оның зираты Түркияда да, Әзірбайжанда да, Қазақстанда да бар [2,145].

Ә.Диваев 1898 жылы қазанның басында Ташкенттен Қазалыға қызмет бабымен барады. Ғалым Қорқыт атаның бейітіне соғып, ол жердегі көрініс туралы: «Бұл почта станциясынан бір жарым шақырымдай жерде екен. Мен оны өте нашар күйінде көрдім, бір қабырғасы Сырдария жағына қарап, опырылып тұр екен. Менімен бірге бейітке Қазалы уезі бастығының жәрдемшісі подполковник И. Л. Арзамасов барды, ол фото әуесқой болғандықтан мен одан осы бір аңызға айналған бейітті суретке түсіруін сұраған едім. И. Л. Арзамасовқа мен соншалықты борыштармын, өйткені ол аталған бейіттің Қазалыдан 200 шақырымдай аралықтағы дерлік қашықтығына қарамастан, 1899 жылдың 26 желтоқсанында сонда жетіп, Қорқыт бейітінен екі сурет, атап айтқанда, біреуін жағадан, екіншісін аппаратты мұзға қойып, Сырдариядан түсірді» [5,199]. Бұл сурет бұрын соңды ешкім түсірмеген бейіт құрылысының бірден-бір ескерткіші.

5 Қорытынды

Аңыз бен шындық бір-біріне ағайынды болып келеді. Ең басында тарих болып бастаған шындық уақыт өте келе аңызға айнала бастайды. Ұлы тұлғалардың қай заманда болмасын тарих сахнасында алатын орны ерекше. Дәл сол секілді ұлы данышпан Қорқыт та түркі халықтары үшін орны ерекше. Оның сан ғасырлар бойы бізге жеткен мұраларының маңыздылығы ұшан-теңіз. Қорқыттың аңыз-әңгімелері болашақтағы арманы іспеттес. Тек өз

арман-мақсаты ғана емес, бүкіл түркі жұртының аңсап өткен тәуелсіздік, бостандық, ел, жер, халық тыныштығы.

Қорқыт – түркі тектес халықтардың көне заманнан келе жатқан байырғы әдет-ғұрыптарын, салт-санасын, мәдениетін танытатын эпикалық әрі тарихи тұлға. Оның тек қана аңыз немесе тарихи тұлға деп дөп басып ешкім айта алмауы мүмкін. Әлі де толық зерттеліп аяқталмаса да, тарихымыздың бір бөлшегі екендігін ұмытпаған абзал. Себебі Қорқыт ата – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, туыстас халықтарын байланыстырып тұратын алтын көпір.

Әдебиеттер тізімі

1. Сүйіншәлиев Х. «Қазақ әдебиетінің тарихы» Оқулық – Алматы, «Санат», 2006. – 904 бет.
2. Келімбетов Н. «Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері». – Алматы: Раритет, 2011. – 432 бет.
3. Марғұлан Ә. Шығармалары. – Алматы: «Алатау», 2012 – Т. XIV – 512 бет.
4. Келімбетов Н. «Ежелгі дәуір әдебиеті» (Қазақ әдебиеті бастаулары). Жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2005 – 336 бет.
5. Диваев Д. «Тарту». (Құрастырған, алғы сөзін және түсініктемелерін жазған Флора Оразбаева) – Алматы: Ана тілі, 1992. – 256 бет.

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., МАХШАТОВА, К.Б. ЛЕГЕНДА И ПРАВДА ПРО КОРКЫТА

Коркыт ата – мыслитель, кобызист, мудрец для всех тюркских народов. В этой статье рассматриваются правда и легенды о периодах жизни Коркыта, его особенности, различия и сходства. Кроме того, отражены мнения ученых, изучавших великую личность.

Ключевые слова: Коркыт, легенда, истина, история, «Книга Коркыт ата», тюркские народы.

BEKBOSYNOVA, A.KH., MAKHSATOVA, K.B. THE LEGEND AND THE TRUTH ABOUT KORKYT

Korkyt ata is a thinker, a sage for all Turkic peoples. This article examines the truth and legend of the periods of Korkyt's life, its features, differences and similarities. In addition, the opinions of scientists who have studied the great personality are reflected.

Key words: Korkyt ata, legend, truth, history, «The book Korkyt ata», Turkic peoples.

ӘОЖ 811.512.122

Бекбосынова, А.Х.,
филология ғылымдарының кандидаты,
тілдер және әдебиет теориясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
Нақыпбекқызы, Н.Н.,
«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 2 -курс студенті,
А.Байтұрсынов атындағы,
Қостанай өңірлік университеті,
Ө.Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институт,
Қостанай, Қазақстан

«КҮЛТЕГІН» ЖЫРЫНДАҒЫ КҮЛТЕГІН БЕЙНЕСІ

Түйін

Өткен ғасырларда көк түріктердің бүтіндігі, берекесі үшін жан қиған батырлар аз болмады. Солардың бірі түркі халықтарының бабасына

айналған, өз дәуірінде ерлік істері үшін «көк түркінің көк семсері» атанған атақты батыр - Күлтегін. Күлтегін бар ғұмырын түркі халықтарының бейбіт күн кешу жолына арнады. Мақалада Күлтегіннің ерен ерлігі мен батырлығы сөз болады.

***Кілт сөздер:** ерлік, батырлық, ғалымдар пікірі, «Күлтегін» ескерткіші, «Күлтегін» жыры.*

1 Кіріспе

XV ғасырдың аңыз тұлғаларының бірі, атақты қолбасшы, даңқты батыр, көшпелі тайпаларды бір ту астына біріктіріп тарихта өзіндік өшпес орын алған – Күлтегін батыр. Бүгінде Күлтегін есімі барша түркі халықтарына мәлім. Сонымен қатар, Күлтегін ерлігі, жаужүректілігі барша ер азаматтар үшін үлгі боларлықтай. Күлтегін тым ерте есейіп, қабырғасы қатып, бұғанасы бекімей жатып, жарағын асынып тұс-тұстан төнген жауға үлкендермен бір қатарда тұрып ерлікпен айқасты. Міне, осыдан бастап Күлтегіннің ерлік жолы басталады. Ағасы Білге қаған және Тоныкөкпен бірге ел тәуелсіздігін сақтап қалу жолында аянбай тер төгеді. Күлтегін батырдың ерлігін өзіне арнап орнатылған ескерткіштегі жазулардан анық аңғаруға болады. Ескерткіште сол дәуірдегі қырғын соғыстардың бірде біреуі Күлтегінсіз өтпегенін, жауын жапырып, қан майданның ортасында жүргенін, ерен еңбегімен түркі әскерін жеңіске жеткізіп отырғанын баяндайды.

Ал, енді Күлтегін батыр ерлігінің қазіргі кезге дейін жетуінің басты себептеріне тоқталсақ. Әрине, ол «Күлтегін» ескерткіші мен сол ескерткіште баяндалған «Күлтегін» жыры. Бұл ескерткіштің сырын ашу барысында әлем ғалымдарының еңбегі зор болды. Соның нәтижесінде батырлық жыр келер ұрпаққа мазмұнды түрде жеткізілді. Күлтегін батырға арналған ескерткішті алғаш тапқан швед офицері И.Т.Страленберг пен немістің белгілі ғалымы Д.Г.Мессершмидт болды. Ескерткішті жан-жақты зерттеп, мәтінін оқып және басқа тілдерге тәржіма жасау ісіне кезінде Н.Т.Ядринцев, В.В.Радлов, В.Томсен, Ю.Немет, Х.Н.Оркун, С.Е.Малов, И.В.Стеблева сияқты ғалымдар үлкен үлес қосты [1,104]. Ал, түпнұсқадан тура қазақшаға аударуда қазақ ғалымдары Ғ.Айдаров, М.Жолдасбеков, Қ.Өмірәлиев сынды ғалымдар өз үлестерін қосты [2,8].

«Күлтегін» жәдігері байырғы ата-бабамыз көк түркілердің өмір салтынан, әдет-ғұрпынан бізді хабардар етті. Бұл жөнінде профессор Х.М.Әбжанов: «Күлтегін ескерткіші байырғы түркі қағанатының тарихи-танымдық ой-өрісі шырқау биікке көтерілгенін айғақтайды. Ең бастысы – адам мен қоғам мәселелерін өркениет үрдісіне толық жауап беретін зайырлы тұжырымдамада жинақтауы Күлтегін ескерткішін байырғы Түркі қағанатының Ата заңы деңгейіндегі асыл мұра деп бағалауға күмәнсіз негіз қалайды» [3, 8] - деген еді. Демек, алыс жақынға атағы шыққан осынау жазбаның тарихи құндылығы осында жатса керек.

2 Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында «Күлтегін» жырын зерттеген ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектері көптеп қолданылды. «Күлтегін» жырынан үзінділер келтірілді. Зерттеуші ғалымдардың пікірлері де қарастырылды. Жинақталған керекті мағлұматтардан, мақаланы жазуда бірізділік сақталды.

3,4 Нәтижелер мен талқылау

Күлтегін – аса батыл, айлакер, ақылды қолбасшы, әрі халқының айбынды батыры бола білді. Күлтегін батыр елін қорғау үшін, жерін сақтап қалу үшін қасық қаны қалғанша тер төкті. Жау әскері бірінен кейін бірі келсе де оған оңайлықпен дес бермеді.

Түнде ұйықтамадым,

Күндіз отырмадым.

Қызыл қанымды төктім.

Қара терімді ағыздым.

Күш-қуатымды аямадым.

Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым [1, 120].

Бұл жыр жолдарынан халқына тыныштық, бейбітшілік, еркіндік орнатқысы келген Күлтегін батырдың қан майданда жанын беріп, бар ерік-жігерімен жау әскеріне төтеп беріп жүргендегі жан айқайы суреттеледі. Күлтегін жырда елінің қорғаушысы, жанашыры ретінде баяндалады. Түрік қағанаты Күлтегінге сенім артып, болашақтарының жарқын болатынына сенді. Қолбасшы Күлтегін батыр қайтыс болғанда күллі түрік жұрты шексіз қайғыға батты. Ауыр қасіреттен аспан айналып жерге түскендей болды. Түркі халқы болашақтарын Күлтегінсіз елестете алмай, келер күнге күмәнмен қарады. Бүкіл ел болып аза тұтқан сәттегі жоқтау сөздерін ақын Йоллығтегін былайша жыр жолдары арқылы жеткізген:

Інім Күлтегін қаза болды.
Өзім қайғырдым.
Көрер көзім көрместей,
Білгір ақылым білместей болды [1, 111].

Жырдан Күлтегін батырдың елінің амандығы, бейбіт күні, тыныштығы үшін аянбаған ержүрек тұлға екендігін айқын көре аламыз.

Ал, Білге қағанның ұлы, тастағы жазулардың авторы Йолығ тегін Күлтегін ерлігін былайша тізбектеп көрсетеді: «Он алты жасына келгенде... алты чуб, соғдыларға қарсы аттандық. Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды. Он тұтықты қарулы басшылармен қолға түсірді. Ол әскерді сонда талқандадық. Жиырма бір жасында Чача Сеңүнмен айтқастық. Күлтегін әуелі Тадықан шораның боз атын мініп шапты. Ол ат сонда өлді. Күлтегіннің сауытына, қалқанына жүздеген оқ тиді, бірақ бірі де денесіне дарыған жоқ»... Осылайша Күлтегін ерлігі жалғаса береді. Күлтегін батыр 47 жасқа келіп, өмірден өткенге дейін соғыссыз өткен жылы болмапты. Соның бәрінде ол асқан ерлікпен, батырлықпен түркі халқын жеңіске жеткізіп отырды.

Сонымен қатар, біз Күлтегіннің батырлығынан басқа оның жанашыр, қамқор тұлға екендігін жырдан, яғни, оның өмір жолынан байқай аламыз. Күлтегін батыр көптеген көшпенді тайпаларды бір тудың астына біріктіріп, оларды жау қолынан таса ұстап, қауіп төнсе қарсы тұрып, өмірінің соңына дейін сол халықтар үшін шайқасып келді. Бұл сөздерімізге мына өлең жыр жолдары дәлел бола алады:

Жалаңаш халықты тонды,
Кедей халықты бай қылдым.
Аз халықты көп қылдым,
Тату елге жақсылық қылдым [4].

5 Қорытынды

Күлтегін ерлігі, батылдығы, ержүректігі кейінгі барша ұрпаққа үлгі боларлықтай деп ойлаймын. Қазіргі кейбір жаңа заман ерлеріне қарасақ, ежелгі дәуірдегі батырларымыздың бірде-бір қасиетін бойларынан көре алмайтынымыз рас. Жылдан жылға бабаларымыздан сіңген асыл қасиеттер жоғалып бара жатқандай. Халқымыздың ежелгі ұлттық құндылықтарын бойымыздан, санамыздан ысырып тастамай, керісінше, сонау Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, Күлтегін, Тоныкөк сынды батырларымыздан қалған сара жолды үзбей, халқымыздың абыройын ойлайтын намысты, батыл, ержүрек азамат қалыптастырғанымыз абзал.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Келімбетов. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерлері. Алматы: Раритет, 2011. – 432 б.
2. Қадір Мырза Әли. Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары. Алматы: Өлке, 2001. – 144 б.
3. Т.З.Қайыркен. Күлтегін ескерткіші. Тарихи-деректанулық талдау. Алматы: Асыл кітап, 2019. – 314 б.
4. <https://surak.baribar.kz/210954/>

**БЕКБОСЫНОВА, А.Х., НАКЫПБЕККЫЗЫ, Н.Н.
ОБРАЗ КУЛЬТЕГИНА В ПЕСНЯХ О «КУЛЬТЕГИНЕ»**

В прошлые века было много героев, пожертвовавших своими жизнями за целостность и процветание Синих Турков. Один из них – знаменитый богатырь Культегин, ставший родоначальником тюркских народов и прозванный «синим мечом синего тюрка» за героические подвиги в свою эпоху. Всю свою жизнь он посвятил мирному быту тюркского народа. В статье рассказывается о храбрости и героизме Культегина.

Ключевые слова: храбрость, героизм, мнение ученых, памятник «Культегин», песня Культегина.

**BEKBOSYNOVA, A.KH., NAKYPBEKKYZY, N.N.
THE IMAGE OF KULTEGININ SONGS OF «KULTEGIN»**

In the past centuries, there were many heroes who sacrificed their lives for the integrity and prosperity of the Blue Turks. One of them is the famous hero Kultegin, who became the ancestor of the Turkic peoples and named. "The blue sword of the blue Turk" for heroic deeds in his era. He devoted his entire life to the peaceful way of life of the Turkic people. The article talks about courage and heroism of Kultegin.

Key words: bravery, opinion of scientists, sculpture of Kultegin.

УДК 433 (9)

Егинбаева, А.Е.,
PhD, Гумилев атындағы ЕҰУ,
Физикалық және экономикалық
география кафедрасының доценті
Жанайдарова, А.Ш.,
география педагогтерін даярлау
мамандығы, 2 курс магистрант
А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ
Сайлау, С.О.,
география педагогтерін даярлау
мамандығы, 1 курс магистранты
Гумилев атындағы ЕҰУ

**ОҚУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ӨЛКЕТАНУ
ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Түйін

Бұл мақалада оқушыларды тәрбиелеудегі өлкетану жұмыстарының білім беру мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыратын маңызды құрал екенін көрсетіп отыр. Мақалада мектептегі өлкетану жұмыстары арқылы оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігінің арттыру жолдары баяндалған.

Кілт сөздер: Өлкетану, мектеп, оқушы, тәрбие, білім беру, туған өлке, педагогика, мұғалім, рухани, тарих, отбасы, топонимика, экспедиция.

Бүгінгі таңда оқушыларды тәрбиелеудегі өлкетану саласындағы ғылыми жұмыстарының маңызы өте зор. 2017 жылғы 12 сәуірде Президент Н.Ә.Назарбаевтың жарық көрген «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласының негізінде жасалған бағдарласында құрастырылған «Туған жер» бөлімінде жергілікті жердің табиғатын, оның пайдалы қазбаларын, ұлы тұлғалары жөнінде оқушылар танысып, патриоттық сезімдерін арттырады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасында «Менің Отаным – Қазақстан» (жастар туризмін және жергілікті өлкетануды дамыту, экспедициялар, экскурсиялар ұйымдастыру іске асыру

аспектісі құралған. Сол бағдарламаға сәйкес «Мектептегі өлкетану жұмысын ұйымдастыру және өткізу» білім беру бағдарламасы әзірленді. Сол бағдарламаға сәйкес берілген тапсырмаларды орындау мақсатында қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, тарих, география, биология, музыка, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының «Мектептегі өлкетану жұмысын ұйымдастыру және өткізу» білім беру бағдарламасы әзірленді [1].

Өлкетану – елдің жекелеген жерлерін олардың географиялық, мәдени-тарихи, экономикалық, этнографиялық ерекшеліктері тұрғысынан зерттеудегі ғылым саласы болып табылады. Бұл ғылыми жұмыстың басты зерттеу нысаны ретінде жергілікті аумақтағы тұрғындардың айналысатын, әрі аймақ оқушылар мен мамандар, оның ішінде тарихшылар, биологтар, геологтар, архитекторлар, этнографтар, экологтар үшін туған өлке болып саналады [2].

Академик Д. Лихачев ел азаматтарын тәрбиелеудегі өлкетану мен тарихтың маңыздылығы туралы айта отырып, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін рухани отырықшы етіп тәрбиелеу керек екенін атап өтті, өйткені егер туған жерінде, туған жерінде тамыр болмаса – кептірілген өсімдікке ұқсас адамдар көп болады. "Өлкетану адамдарды тек туған жерлерін ғана емес, олар туралы да білуге үйретеді, тарихқа, өнерге, әдебиетке қызығушылық танытуға үйретеді. Бұл ғылымның ең жаппай түрі" деп жазады.

Өлкетанудағы кәсібилік кез-келген ғылыми пән бойынша кәсібилікке жатпайды. Өлкетануды кез – келген кәсіптік білімі бар адам жасай алады, ол ғалымдарға да, әсіресе өлкетануда маңызды болып табылатын нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз ететін жалпы әдістер мен талаптарды білуі және сақтауы керек.

Мектептегі өлкетану туған өлкенің табиғи, экономикалық және әлеуметтік жағдайларын жан-жақты зерттеумен сипатталады. Өлкетану ұйымдарының басшылығымен оқушылар экспедициялар мен экскурсияларға қатысады, табиғат және көне ескерткіштерді зерттеуге қатысады, халыққа сауалнама жүргізеді, елді мекендердің тарихи өткенін, өлке экономикасын зерттейді. Жорықтар мен экскурсияларда жиналған экспонаттар мен коллекциялар мектептің өлкетану мұражайлары мен бұрыштарын құруға негіз болады.

Бастауыш мектеп – барлық бастамалардың басталуы, балалардың қоршаған әлемге танымдық, эмоционалды және белсенді қатынасының қалыптасуының бастапқы кезеңі. Кішкентай балалар ізденімпаз, олар бәрін қызықтырады, бәрін майлық сияқты сіңіреді, ал мұғалімдер өз оқушыларына бірінші сыныптан бастап туған жеріне саналы көзқарасты сіңіріп, оны өлкетануды сабақта және сабақтан тыс уақытта үйрену арқылы жасауы керек.

Өлкетану жұмысы жүйелі де, эпизодтық та болуы мүмкін, бірақ барлық іс-шаралар бір нәрсені біріктіреді-баланың рухани-адамгершілік саласын дамытуға бағытталған. Өлкетану материалын білім беру мазмұнына енгізу балалардың оқуға деген қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оларды қоршаған құбылыстарды байқауға үйретеді және сонымен бірге мұғалімге оқу жоспарын нақтылауға мүмкіндік береді.

Мектептегі өлкетану пәні білім беру мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыратын маңызды құрал болып табылады. Өз өлкесінің бұрынғы және қазіргі өмірін білу, өлкенің жаңаруына тікелей ат салысуы үшін қажет, өйткені туған өлке – шегі жоқ әлемнің бір бөлігі. Өлкетану отансүйгіштік сезімді – Отанға деген терең махаббатты тудырады. Мектептегі өлкетану, жалпы өлкетанудың бір бағыты болғандықтан, оқушының адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық, еңбексүйгіштік, тұлғалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Туған өлкенің өткенімен, қазіргі кезімен және жорамалды болашағымен, табиғи, экономикалық, тарихи, мәдени және басқа да ерекшеліктерімен танысу оқушының дүниетанымын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл оқушының өзінің бір нақты ұлт өкілінің қатарына жататындығын түсінуіне және ол үшін мақтаныш сезімінің туындануына көмектеседі.

Нормативтік-құқықтық құжаттарға, вариативтілік ұстанымына сай, жалпы білім беретін мектепте білім беру мазмұнының аймақтық компонентін жетілдірудің мақсаты өз өлкесін, елді мекенін, қаласын не ауылын жақсы білетін және сүйетін, оның әдет-ғұрып-тарын сыйлайтын, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштерін қорғайтын, көпұлтты Қазақстанның отаншыл азаматын тәрбиелеу болып саналады [3].

Өлкетану жұмысының құндылығы - бұл оқушыларға туған өлкенің табиғи байлығы туралы білімнің тұтас жүйесін құруға, танымдық саланы кеңейтуге, зерттеу дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Өлкетанудың маңызды құрамдас бөлігі-оқушылардың іздеу-зерттеу қызметі.

Мұғалімдер балаға өз жаңалықтарын жасауға көмектесуі керек. Зерттеу мінез-құлқы-баланың әлем туралы түсініктерін алудың маңызды көздерінің бірі. Балалар табиғаты бойынша зерттеушілер және әртүрлі зерттеу жұмыстарына үлкен қызығушылықпен қатысады. Балаларды бақылауға, салыстыруға, сұрақтар қоюға және жауап табуға деген ұмтылысты дамытуға үйрету өте маңызды.

Адамның тамыры өз отбасының, өз халқының тарихы мен дәстүрлерінде, туған өлкенің өткенінде. Туған өлкенің тарихы бетсіз емес, ол жақын және қымбат, өйткені ол жақын жерде тұратын адамдар немесе туыстары туралы айтады. Өлкетану бойынша тапсырмаларды орындау оқушыларға жаңа адамдармен танысуға немесе таныс болып көрінетін адамдар туралы бұрын белгісіз болған нәрселерді білуге мүмкіндік береді. Бұл адамдардың өмірінің егжей-тегжейлері оқушыларды еріксіз таң қалдырады, аға буын өкілдеріне құрмет көрсетеді. Көмектесуге, түсінуге, қорғауға деген ұмтылыс бар. Өйткені, жергілікті материал балаға қол жетімді, яғни әркім өз жаңалығын жасай алады немесе жаңа нәрсе біле алады, яғни тарихты құруға қатысқандай сезіну. Өлкетану оқушылардың шығармашылық бастамасын, олардың әртүрлі тапсырмаларды орындаудағы дербестігін тәрбиелейді.

Туған өлкені зерттеуге үлкен үлес өлкетану бойынша ғылыми-практикалық конференцияларға тиесілі. Мұнда жақсы жақтары бар: балалар зерттеуші болуды үйренеді, материал жинауды және талдауды үйренеді, өз көзқарастарын негіздеуді және оны көпшілік алдында қорғауды үйренеді, жұмыс жазу және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын үйренеді.

Мектептегі өлкетану жұмыстары кешенде салынып, бірнеше өзара байланысты бағыттар бойынша жүргізілуі керек. Әр түрлі бағыттар бойынша жұмыс жүргізу арқылы ғана жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Мәселен, мысалы, өз шежіресін зерттей отырып, оқушылар оны өз ауылының, ауданының, өлкесінің, мүмкін елдің тарихымен байланыстырады, керісінше, мемлекет, өлке тарихымен танысып, туған ауылының, отбасының тарихына оралады [4].

Рухани-адамгершілік тәрбиеде мектептің тарихи-өлкетану мұражайы үлкен рөл атқарады. Мұражайдың міндеті-отансүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілікке, өз өлкесінің тарихы мен белгілі бір адамның тағдыры арқылы шәкіртте жасампаздыққа тәрбиелеу. Мұражай рухани-адамгершілік тәрбиенің орталығы болып табылады. Оқушыларды кіші Отан тарихына баулу үлкен және кіші өткелдер, экспедициялар мен экскурсиялар арқылы, сондай-ақ өлкетану конференциялары мен конкурстарына қатысу арқылы жүзеге асырылады. Мұражай материалдары тарих, география сабақтарында практикалық қолдануды табады.

Мектептегі өлкетану жұмысының өзіндік міндеттері бар. Бұл міндеттер оқушылардың өмірге, қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді [5].

Білімдік міндеттері:

- өз елді мекенінің, өлкесінің тарихымен және қазіргі кездегі өмірімен, экономикасымен таныстыру;
- туған өлкенің табиғи ортасының алуан түрлілігі жайлы көзқарас қалыптастыру;
- тірі табиғат нысандары мен құбылыстардың бір-біріне тәуелділігін, байланысын, табиғат заңдарын оқып-білу;

– биология, география, химия, физика сабақтарында алынған білімді өмірлік тәжірибеде қолдана білу;

– өз елді мекенінің, ауданы мен облысының қазіргі кездегі өмірі және экономикасымен таныстыру;

– туған өлкесінің дамуы проблемаларын оқып-білуге жетелеу;

– табиғатқа дұрыс қарау нормаларын меңгерту;

– алынған білімді қазіргі кездегі экологиялық проблемаларды шешу барысында қолдана білу;

– туған өлке табиғатының ерекшеліктерін оқу;

– қажетті ақпаратты іріктеу дағдысын меңгеру.

Тәрбиелік міндеттері:

– өзінің туған өлкесіне, туған елі Қазақстанға деген патриоттық сезімін, сүйіспеншілігін тәрбиелеу;

– төзімділікті, өлкенің көпұлттылық және көпмәдениеттілік жағдайында төзімді мінезқұлық қалыптастыру;

– отбасылық қарым-қатынасты нығайту, пәннің мазмұнымен тек оқушыны ғана емес, оның ата-анасын да қызықтыру, отбасылық мұрағаттар, аталар мен әжелердің басқа да туыстардың әңгімелері арқылы өлкенің тарихы жайлы білімді тереңдету;

– отбасы мүшелерімен бірге өлке туралы әдебиеттер оқу, фильмдер, бейнефильмдер тамашалау;

– өлкенің табиғатын, тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру жұмыстарына оқушылармен қатар ата-аналарды да қатыстыру;

– жергілікті халықтың алдында тұрған проблемаларды шешуге атааналармен бірге оқушыларды да қатыстыру;

– экологиялық мәдениет қалыптастыру;

– патриоттық және эстетикалық, сонымен қатар табиғат алдында жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;

– ұжымда бірігіп жұмыс істеу, бір-біріне көмектесу, қолпаштау сезімдерін тәрбиелеу;

– балалардың бойында жақсы көру, барлық тіршілік атаулыға аяушылықпен қарау сезімдерін тәрбиелеу.

Дамытушылық міндеттері:

– туған өлке туралы неғұрлым көп білуге деген ұмтылысты, танымдық қызығушылықты, интеллектуалдық және шығармашылық қабілетті дамыту;

– тақырыптық акцияларға және жобаларға, кітапханалардың, ұлттықмәдени орталықтардың іс-шараларына, сайыстарға, олимпиадаларға қатысу арқылы туған өлке жайлы білімді тереңдетуге деген ұмтылысқа ынталандыру;

– болашақта білімді жалғастыру, мамандық және жұмыс орнын таңдау сұрақтарын шешуге бағыттау;

– күнделікті өмірде өлкетанушылық білім мен біліктілікті қолдана алу, жергілікті жердегі туындайтын проблемаларды шешуде өзінің орнын білу дағдысын қалыптастыру;

– туған өлкесінің өмірін жетілдіруге үлес қосуға деген ұмтылысты дамыту.

Өлкетану жұмысында тағы бір міндетті қосуға болады, ол – зерттеушілік сипаттағы міндеттер:

– қоршаған ортаның ластану деңгейін анықтау және туған аймақтың экологиялық жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

– логикалық ойлау қабілетін дамыту арқылы, проблема қою және оны шешудің жолдарын іздеу;

– оқығанды, танығанды, түсініксіз жағдайларды, мәліметтерді өз шығармашылығында көрсете білу;

– ізденіс арқылы таныс емес, белгісіз, түсініксіз құбылыстарды тануға, білуге, түсінуге ұмтылу [6].

Мектеп пәндерінің мазмұнындағы өлкетануды сипаттайтын ерекшеліктер:

- тарихи және ұлттық-мәдени өлкетану (ата-бабалар тарихы, шығу тегі, тарихи ескерткіштер, ежелгі қоныс-мекендер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өнеге, өмір сүру салтының ерекшеліктері және құндылықтары);
- табиғи-географиялық өлкетану (жергілікті жердің климаты, жер бедері, топырағы, өзен-көлдері, пайдалы қазбалары, экологиясы, экологиялық проблемалары);
- биологиялық өлкетану (өсімдік түрлері, жануарлар әлемі);
- әдеби өлкетану (жергілікті ұлттардың әдеби мұралары және ауыз әдебиеті, жергілікті ақын-жазушылардың шығармалары);
- химиялық өлкетану (ауыз суының сапасы, ауаның ластануы, жергілікті жердегі тау-кен өнеркәсіптері т.б.);
- әлеуметтік-географиялық өлкетану (халықтың тығыздығы, елді мекендердің орналасу сипаты, ұлттық қолөнер түрлері, басқа елді мекендерден, аймақтардан алшақтығы, байланыс құралдары);
- әлеуметтік-демографиялық (ұлттық құрамы, жастық-жыныстық құрамы, көші-қон үдерісі, халықтың ұдайы өсуінің сипаты);
- әлеуметтік-экономикалық (халықтың өмір сүру деңгейі, еңбек ресурсы, кәсіби-мамандық құрамы, экономикалық даму келешегі);
- аймақтың экономикалық салаларының (ауылшаруашылық, құрылыс, тау-кен, химиялық т.б.), шығаратын өнімдері;
- әкімшілік-саяси (өлкенің шекарасы мен аумағы, инфрақұрылымының түрлері, басқару органдарының қызметі және жұмысты ұйымдастыруы);
- мәдени өлкетану (жергілікті ұлттардың ұлттық әндері мен билері, бейнелеу және сәулет өнері, қолөнері, жергілікті сазгерлердің музыкалық шығармалары, суретшілердің, мүсіншілердің, архитекторлардың туындылары т.б.);
- саяси (саяси факторлардың өлкенің өміріндегі рөлі, аймақтармен, елдермен қарым-қатынасы). Өлкетанудың түрлерін математикалық, физикалық, технологиялық деп жалғастыра беруге болады. Аталған бөлімдерге сәйкес материалдарды іріктеп пән тақырыптарына кіріктіріп оқытудың мақсаты, мектептегі өлкетану жұмысын, оқушылардың өлкені білуге деген қызығушылығын арттыру болып табылады.

Өлкетану жұмыстарын оқушыларды тәрбиелеудегі ерекшеліктері:

- тарихи мәліметтермен тығыз байланыста болғандықтан, тарих ғылымдары және тарих оқу пәнінің негізгі ұстанымдары, әдістері, құралдарымен сипатталады;
- оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өлкетану жұмыстары жетекші фактор болып табылады;
- өлкетану жұмыстары экологиялық мәдениетті қалыптастыруда жаратылыстану пәндерімен, әсіресе географиямен, биологиямен және экологиямен тығыз байланыстылығымен сипатталады;
- өлкетану жұмыстарының ерекшелігі топонимика (гректің «топос» – орын, жер, «онома» – атау деген екі сөзінен тұрады, яғни жер-су атаулары деген сөз), ономастика (гректің *onomastike* – ат беру өнері, тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы) сияқты ғылымдардың, білімдердің өзгешеліктерімен анықталады. Демек, топонимдер тарихи, географиялық және лингвистикалық мәннен хабар беріп тұрады деген сөз. Мұның өзі белгілі бір өңірдің топониміне қарап сол өңірде мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өрісі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді және сыныптан тыс уақытта танымжорық, оқу-танымдық соқпақ, саяхат, экспедициялар сияқты жұмыс түрлерін ұйымдастырылуымен байланысады [7].

Жалпы, өлкетану материалдары арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу педагогикалық үдерістің: түсінік қалыптастыру – білім беру – біліктілік – практикалық іс-әрекетке баулу атты тізбегін құрастыруды көздейді. Мұғалім алдымен оқушылардың бойында туған жердің

табиғаты, ана тілі, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тарих, туған өлке тұрғындарының өміріндегі ұлттық ерекшеліктер, отансүйгіштік сезім туған өлкеге деген көзқарас түсініктерін қалыптастырады. Оқушы саралау, түсініп оқу, ерінбей тірнектеп материал жинау, мұрағатта жұмыс істеу, экскурсияны жүргізуші дағдыларын үйрену арқылы біліктілігін арттырады.

Өлкетану жұмысының түрлері саяхат, экскурсия, бақылау жүргізу, гербарий жинау, тәжірибелер жасау, мамандық иелерімен кездесулер тағы басқа практикалық іс-әрекеттерді оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, құндылық көзқарастарын қалыптастыруға, білуге деген қызығушылықтарын арттыруға бағытталады [8].

Қорытындылай келе, мектеп оқушыларын білім беру және тәрбиелеудегі өлкетанулық жұмыстарының маңызы ретінде педагогикалық әдіс-тәсілдер мен технологиялар арқылы жоғарыда көрсетілген білімдік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттер мен бұл ғылым саласының ерекшеліктерін қолдана отыру арқылы оқушыларда рухани-адамгершілік, ұлтжандылық және туған елге деген сүйіспеншілік, патриотизм сезімдері қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі

1. 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Б.І. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – 2016. – 257 б.
2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері - Астана: Б.І. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – 2019. – 28 б.
3. Новенко Д.В. Информационный источник сложной структуры «Использование школьной ГИС (Живая География)»: учеб.-метод. пособие для учащихся. – М., 2008. – 26 с.
4. <https://portalrasvitiye.ru/216872/220151.html>
5. Константинов Ю.С., Куликов В.М. Педагогика школьного туризма: Учебно-методическое пособие. – М.: ФЦДЮТиК, 2012. – 208 с.
6. Концептуальные подходы к развитию детско-юношеского туризма в Республике Казахстан на 2015-2018 гг., г. Астана, 2014 г.
6. Галиакбаров Е.Э., Никитинский Е.С., Мадышева А.М. Детско-юношеский туризм Республики Казахстан: состояние и перспективы развития. Вестник университета «Туран». 2018; (3):141-147.
7. Остапец А.А. Педагогика и психология туристско-краеведческой деятельности учащихся. – М., 2001.
8. Козлова Ю.В., Ярошенко В.В. Туристский клуб школьников. – М., 2004.

ЕГИНБАЕВА, А.Е., ЖАНАЙДАРОВА, А.Ш., САЙЛАУ, С.О.

ЗНАЧЕНИЕ КРАЕВЕДЧЕСКОЙ РАБОТЫ В ВОСПИТАНИИ УЧАЩИХСЯ

В этой статье показано, что краеведческая работа по воспитанию учащихся является важным инструментом, связывающим образование и воспитание с жизнью. В статье освещены пути повышения любви учащихся к родной земле через краеведческую работу в школе.

Ключевые слова: Краеведение, школа, ученик, воспитание, образование, родной край, педагогика, учитель, духовный, история, семья, топонимика, экспедиция.

EGINBAEVA, A.E., ZHANAI DAROVA, A. Sh., SAILAU, S.O.

THE IMPORTANCE OF LOCAL HISTORY WORK IN THE EDUCATION OF STUDENTS

This article shows that local history work on the education of students is an important tool linking education and upbringing with life. The article highlights ways to increase students' love for their native land through local history work at school.

Key words: Local history, school, student, upbringing, education, native land, pedagogy, teacher, spiritual, history, family, toponymy, expedition.

ӘОЖ 330.834.1

Молдашов, Н.О.,

э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия
ұлттық университеті

Бисенов, А.А.,

экономика мамандығының магистранты,
Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық
университеті

ДЖОН МЕЙНАРД КЕЙНСТІҢ ТЕОРИЯСЫН ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДА ҚОЛДАНУ

Түйін

Мақала XX ғасырдағы экономика ғылымының дамуына үлкен ықпал жасаған ұлы ағылшын экономисті Джон Мейнард Кейнстің еңбегіне арналған. Кейнс теориясы сол кезде ең өзекті де нақты болып саналатын, ал дәлірек айтқанда 1929-1933 жылдардағы әлемдік дағдарыстың себептері мен одан шығу жолдарына арналған. Берілген мақалада кейнстік теорияның негізгі тұстары, яғни сол уақытта пайда болған тығырықтан шығу мүмкіндіктері: экономиканы бүкіл ел аумағында зерттеп қана қоймай, ондағы жұмыссыздықты барынша азайтып, мемлекет жүргізіп отырған экономикалық саясат аясында пайыз нормасы мен пайыздық мөлшерлемені төмендетіп, халықтың табыспен аз қамтылған бөлігінің табысын арттыру арқылы тиімді сұраныс пен жұмысбастылықты қалыптастыра отырып елдегі өндірістің өсуі мен экономикалық тұрақылыты қамтамасыз ету үшін экономиканы мемлекет тарапынан белсенді реттеу қажеттігі қысқаша сарапталған. Мақалада сондай-ақ, бұл теорияны бүгінгі күні Қазақстан экономикасына қолдану мүмкіндіктері қарастырылған.

Кілт сөздер: дағдарыс, Кейнс теориясы, инфляция, девальвация, ақша, жұмыс-бастылық, жұмыссыздық, пайда мөлшерлігі.

1 Кіріспе

XXI ғасырдың басынан бастап-ақ әлемнің жекелеген елдерінде экономикалық дағдарыстар белең ала бастады. Олардың қатарына 2000-2001 жж. Түркиядағы валюталық дағдарысты, 1998-2002 жж. Аргентинадағы Ұлы дағдарысты, 2008-2011 жж. Исландиядағы қаржылық дағдарысты жатқызуға болады. Дегенмен, өзінің ауқымы жөнінен сонау 1929-1933 жылдардағы Ұлы нәубеттен соңғы ең үлкен дағдарысқа 2007-2008 жылдардағы АҚШ та ипотекалық дағдарыстан басталып банктердің банкротқа ұшырауы мен акция бағасының құлдырауына ұласқан әлемдік қаржылық дағдарысты айтуға болады. Кейін «қара алтын» (мұнай) бағасының күрт құлдырауы салдарынан Ресейдегі 2014-2015 жж. валюталық дағдарыс өз жалғасын тапты. Әлемнің бір бөлшегі ретінде Қазақстан экономикасы үшін бұл дағдарыстар біздің елімізге де өзінің теріс әсерін тигізбей қалмады. Әсіресе, 2008 жылғы әлемнің қаржы дағдарысы мен 2014 жылғы дағдарыстардың кері ықпалын айтпай кетуге болмайды. Әлем елдерінің Украинадағы жағдайға байланысты Ресейге жасап жатқан санкциялық әрекеттері соңғы дағдарыстың келеңсіз шарпуын одан сайын күшейтіп жібергендей. Көршілес елдердің ішінде ортақ шекарасы ең ұзақ болып есептелетін Ресей елімен көршілестігіміз онда болып жатқан өзгерістердің біздің елімізде қайталануы табиғи құбылыс болып есептелетіні сөзсіз.

2 Материалдар және әдістер

Джон Мейнард Кейнстің теориясын Қазақстан жағдайында қолдану зерттеу үшін келесі әдістер қолданылады.

Экономикалық көрсеткіштерді талдау: Кейнс теориясының Қазақстандағы экономикалық жағдайға әсерін зерттеу үшін жұмыссыздық деңгейі, инфляция және басқалары сияқты негізгі экономикалық көрсеткіштерге талдау жасау. Бұл Кейнс теориясының Қазақстанның экономикалық саясатында қаншалықты сәтті қолданылғанын анықтауға мүмкіндік береді.

3,4 Нәтижелер мен талқылау

Енді өткен, «жыл әлем экономикасы үшін қандай жыл болды?» деген сауалға қысқаша ғана тоқтала кетсек. Өткен жылдары әлемдік экономика COVID-19 пандемиясының салдарымен бетпе-бет келді. Көптеген елдерде карантиндік шаралар мен шектеулер енгізілді, бұл өндірістің қысқаруына және сұраныстың төмендеуіне әкелді. Нәтижесінде жұмыссыздық пен экономикалық белгісіздік өсті. Осыған қарамастан, көптеген елдер дағдарыстың экономикалық әсерін азайту үшін ынталандыру шаралары мен қолдау бағдарламасын енгізді. Халықаралық валюта қоры және Дүниежүзілік банк сияқты халықаралық ұйымдар кейбір елдерге қаржылық көмек көрсетті. Алайда, әлемдік экономика әлі толық қалпына келген жоқ және COVID-19 пандемиясы мен жаһандық экономикалық проблемаларға байланысты белгісіздік әсер етуде.

[А]Осындай жағдай экономика тарихында болды ма? Болса, мемлекеттер қандай экономикалық іс-шара қолданды және оның теориялық негізі болды ма? -деген сұрақтар еріксіз туындайды. Осы жерде 1936 жылы жарық көрген атақты ағылшын экономисті Дж.М.Кейнстің «Жұмысбастылық, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» деген еңбегі еске түседі [1]. Бұл еңбегінде ол мемлекет экономикасын реттеу үшін экономикалық өсудің басты факторы ретінде мемлекеттің экономикаға тиімді сұраныс тудыра отырып араласуын ұсынды. Мемлекет экономикаға фискальды саясат, несие-ақша айналымы сияқты тәсілдерді қолданса барынша тиімді болатынын дәлелдеп көрсетті.

Дж.М.Кейнстің экономикалық көзқарасы сол кездегі осы ілімдегі басым бағыттан алшақ жатқаны сондай, оны көптеген экономистер тіпті ешқандай қисынға келмейтін сандырақ деп атауға дейін барды.

Себебі, Кейнске дейінгі экономистер экономиканың өрлеу көзі ретінде тауар және қызметтердің ұсынысын, оларды ұлғайту факторларын бірінші орынға қоятын.

Мұндай ұстанымдар сонау Д.Рикардо мен Ж.-Б.Сейя заманынан келе жатқан болатын. Олардың пайымдауынша- тауар айырбасы кезінде ұсыныс соған сәйкес сұранысты туындатады, ал ішінара пайда болатын артық өндіру уақыт өте келе жетіспейтін тауарлардың орнын толтырады деп түсіндірді. Басқаша сөзбен айтқанда жекелеген өндіріс салаларының арасындағы пропорцияның бұзылуы нарықтық тетіктер арқылы өздігінен жойылып немесе реттеліп отырады делінген болатын.

Дж.М. Кейнс бұл теорияны құптамай өз зерттеуінің негізгі объектісі етіп ұсынысты емес тиімді сұранысты алды. Оның пайымдауынша нарықтық шаруашылықтағы барлық кінәрат тиімді сұраныстың жоқтығынан деп түсіндірді.

Екіншіден, осы айтылмыш жағдайға байланысты ол жинақ ақшаның рөліне ерекше тоқталды. Кейнске дейін қор жинау, ақшаны жинақта ұстау шаруашылық үшін үлкен игілік, кәсіпкерлер үшін бизнестің қауіпсіздігін сақтандырушы қаражат ретінде есептеліп келді. Кейнс жинақ ақшаның тым көп мөлшерде қорлануы тиімді сұранысты төмендетеді, ол мұндай жағдай өз кезегінде депрессияға, дағдарысқа әкеледі деді. А.Смиттің кезінен бастап жиналған ақша инвестицияға жұмсалады да макроэкономикалық тепе-теңдік өздігінен пайда болып отырады деген тұжырым ұстанылды. Кейнс бұл қағиданы да жоққа шығарды. Ол инвестиция жасаушылар кейбіреулер де жинақ ақшасын жұмсамай басып отыратын екінші біреулер деген тұжырымды дәлелдеді.

Кейнстің пайымдауынша кейбіреулер ақшаны қомақты дүние сатып алу үшін жинаса, екінші біреулер осы қомақты дүниеге (үй, автокөлік т.с.с.) төленетін салықтық жарнадан қашып ақшасын жұмсамай отырады. Үшінші біреулер ақшаны оның өтімділігі (ликвидность)

үшін ұстайды. Ондағы ойы кез келген уақытта өзіне ұнаған, бәлкім, жоспарланбаған дүниені сатып алу үшін сақтап қояды. Сол сияқты біреулер зейнетке шыққанда пайдалану үшін жинаса, енді біреулер балаларын оқыту үшін, үшінші біреулер емделу үшін, болмаса қыдырып өзге елдерді көру үшін жинақтайды. Аталған жағдайжинақтайтын адамдардың дені шынында да кәсіпкерлер емес, тек жеке жұмсалымдары үшін жинақтайтыны белгілі болды. Осы жинақталған ақшаларды негізінен коммерциялық, инвестициялық банктерде, зейнетақы қорларында сақталады да бұл ақшаларды кәсіпкерлер банктерден алып пайдаланады.

Үшіншіден, Кейнс микроэкономикалық зерттеулерді макроэкономикалық зерттеу жүргізулермен толықтырды. Жекелелен фирмалардың таза пайдасын ұлғайту мақсатында жүргізілетін зерттеулерді Кейнс макроэкономикалық ұғымдармен байланыстырып, яғни ұлттық табыс, жинақ, инвестиция, тұтыну т.т. тұрғысынан қарастыруды ұсынды.

Осылайша, Кейнс экономикалық теорияның жаңа бір саласы макроэкономиканың бастауын ашып берді.

Төртіншіден, Дж.М.Кейнс жалпы ұлттық өнімнің қозғалысы мен бірінші жағынан жұмысбастылық, екінші жағынан инфляция ұғымдарының арасында себеп-салдарлық байланыс барын ашып көрсетті. Сондай-ақ, ол ақшаны жинақтау тек қана пайыз мөлшеріне қатысты емес, ең алдымен табыс мөлшеріне барынша тәуелді болатынын дәлелдеді.

Бесіншіден, ол жұмыссыздың табиғатын да бұған дейінгі түсініктен басқаша көзқараспен қарастырды. Неоклассиктер жұмыссыздықты еңбек нарығындағы еңбекке деген сұраныс пен ұсыныстың арасындағы сәйкессіздіктен деп түсіндіріп келген болатын. Бұл теория бойынша, жұмыс күшінің қымбатшылығы кәсіпкерлерге еңбек ресурстарын капитал ресурсымен алмастыру арқылы жұмысшыларды төмен жалақымен жұмыс істеуге мәжбүрлеуге және осы арқылы еңбек нарығындағы тепе-теңдікті сақтап қалуға болады деп түсіндіріліп келді. Егер жұмысшылар әлгіндегі айтылған төмен жалақымен жұмыс істеуден бас тартатын болса жұмыссыздық еріксіз пайда болды-мыс. Кейнс бұл пайымдауды да теріске шығарды.

Оның ойынша жұмысбастылық деңгейі тұтынуға деген бейімділікке немесе тұтыну мен инвестицияға деген жұмсалымның күту деңгейіне тәуелді болады. Кейнс жиынтық табыстың ұлғаюын тұтынуға деген күтуге байланысты негізі фактор ретінде қарастыра отырып «табыстың өсуі тұтынуды тура пропорционалды деңгейде арттырмайды» [2] деді. Яғни табыстың артуы тұтынудың өсуіне ықпал жасайды, бірақ табыстың өсуінен кем мөлшерде деп түсіндірді.

Кейнс жұмысбастылықтың көлемі, оның өзгерісі (динамикасы) жұмысшылардың мінез-құлқына, олардың қалауына қатысты емес, тиімді сұраныстың қажетті мөлшерде болмауынан, инвестицияның керекті деңгейде тартылмауынан деген ойды ұсынды [2].

Ақыр аяғында, алтыншыдан мына жағдайды да естен шығаруға болмайтын еді. Кейнс теориясы «бейімділік», «басымдылық», «күту», «ұмтылыс» сияқты психологиялық түсініктерге барынша мән береді. Дәл осы мәселелер үшін марксизм идеологтары Кейнсті қатты сынады. Дегенмен, бұл жағдай да өмірдің өзі көрсеткендей өзінің өміршендігін көрсетті.

Кейнс ілімі бойынша, жиынтық сұранысқа екі фактор кедергі келтіреді. Біріншісі – тұтынушылар психологиясы. Табыс өскен кезде тұтынушылардың белгілі бір бөлігі табысын тұтынудан бөліп алып жинаққа бағыттайды. Мұның өзін заңдылық деп қарастыруға тұрарлық. Шынымен де табыс өскен сайын тұтынушының тұтынуға деген бейімі кеміп, ақшаны жинауға деген бейімділігі арта түседі. Екінші кері әсер етуші фактор ол - жинақ ақшаның көлемі ұлғайған сайын, капитал өнімділігінің кему заңына байланысты, таза пайда мөлшерлігі азая түседі. Егер таза пайда мөлшерлігінің пайыз мөлшерлігінен айырмасы азғантай болса өндірісті ұлғайту немесе модернизациялау арқылы табысты көбейту ықтималдығы азая түседі. Осының салдарынан инвестициялық тауарларға деген сұраныс күрт азайып кетеді.

Кейнстің ілімі бойынша инвестиция көлемі тұтынуға қарағанда әлдеқайда аз болғанына карамастан сұраныс тудыруға келгенде нағыз тиімді элемент болып есептеледі, сондықтан да мультипликациялық тиімділікті ескеретін болсақ инвестиция экономикалық даму үшін шешуші рөл атқарады.

Мынадай қисынды сұрақ туындайды. Инвестицияны қалай ұлғайтуға болады және бұл турасында Кейнс не ұсынады?

Оның ұсыныстары мына төмендегі кеңестерге келіп тіреледі.

Біріншіден, несиенің пайыз мөлшерін азайту, сол арқылы таза пайда мөлшерлігі артады, күрделі салымның шекті тиімділігі ұлғаяды, инвестиция өседі;

Екіншіден, мемлекеттік жұмсалымдарды (шығындарды) арттыру қажет, Кейнстің түсінігінде бұл жұмсалымдар дегеніміз мемлекет тарапынан сатып алатын тауарлар мен қызметтер және мемлекеттік инвестициялар;

Үшіншіден, күрделі салымдардың тиімділігін арттыру керек, оны негізінен мультипликациялық тиімділік арқылы жүзеге асырған дұрыс.

Кейнс теориясы бүгінгі таңда экономика ілімінде маңызды орын алады және ол келесі бағыттарда дамыды:

- 1) Теорияны нақтылау және бөлшектеп қарастыру;
- 2) Экономикалық реттеудің жаңа бағдарламасын әзірлеу.

XX ғасырдың 50-ші жылдарында американың белгілі экономисті С.Харрис «Кейнс экономикалық теорияның қаңқасын жасады, кейінгілерге оған қан жүргізіп жан беру қалды және бұл үрдіс өспелі қарқынмен бүгінгі күні де жалғасуда. Бұлай болмағанда «Жалпы теорияның» ықпалы әлдеқайда төмен болатын еді» деп жазды[3].

Дегенмен,[Б] Кейнстің теориясы бүгінгі таңда маңыздылығын жоймаса ел экономикасының саясатында қолдануға бола ма? Кейнс теориясы мен кейнсшілдік бағыттары бірдей емес. «Кейнсшілдік» түсінігі әлдеқайда кең ұғым. Кейнсті жақтаушылар оның теориясын экономикалық құбылыстарды зерттеу әдісі ретінде қолдана отырып өз бағыттарын тереңдете зерделей түсті. Осының нәтижесінде Кейнс теориясында болмаған жаңа тұжырымдар пайда болып Кейнс ұсынған кейбір жағдайлар ескірсе де маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды іс жүзіне асырғанда деп түйіндейді Кейнс, қосымша жұмыс күштері пайда болып, жұмыссыздық азаяды.

Айтылмыш мәселелердің бүгінгі Қазақстан экономикасына қаншалықты қолдануға болады деген сауалға келелік.

Бұл мәселедегің басты проблеманың бірі Кейнс теориясын бүгінде кез-келген елдің экономикасына тұп-тура сол қалпында қолдана салу мүмкін емес. Әлем экономикасы өзінің дамуы барысында түрлі факторларға байланысты өзгерістерге ұшырауы Кейнс теориясын да уақыт талабына сай түрлендіре, өзгерте пайдалану керектігін туындатты. Бұл ілімді ұлы экономистің ізбасарлары неокейнсшілдер, кейінгі кейнсшілдер өзгертіп пайдалануды ұсынды. Тіпті Кейнс теориясын тікелей жақтайтындардың өзі (алғашқы кейнсшілдер) теорияның өзгеріске ұшырауын заман талабының заңдылығы деп қабылдады.

Дегенмен, Кейнс ұсыныстарын бүгінгі Қазақстан экономикасына пайдалануға бола ма, болса қандай жағдайларда.

Енді, Кейнс теориясын Қазақстан экономикасына қолдау мүмкіндігінің кейбір элементтеріне тоқтала кетелік. Сонау XX ғасырдың 30 жылдарында болған тарихта «Ұлы нәубет» деген атпен қалған әлемдік дағдарыстың кері ықпалына тойтарыс берген Кейнс теориясы «бүгінгі күнгі Қазақстан экономикасында қаншалықты оң әсер етеді?» деген сұраққа келейік.

Кейнс теориясының негізгі идеясы дағдарыс кезінде мемлекет тарапынан тиімді сұраныс тудыра отырып экономиканы реттеуге болады десек, бұл тұжырым Қазақстанда экономикасына 2008 жылғы әлемдік қаржы дағдарысы кезінде өз жемісін бергенін айта кету керек. Дәл осы кезде мемлекет тұрғын үй, жол, мектеп, аурухана салу сияқты жұмыстарға

тапсырыс беру арқылы ел экономикасын дағдарыстың салқынан сақтап қалды. 2000 жылдардың басынан бастап экономикалық өсу жылына орта есеппен 8,5-10% болса, 2008-2009 жылдардағы әлемдік дағдарыс кезінде экономикалық өсім не бәрі 1,1% деңгейінде болды. Мемлекет тарапынан туындайтын сұранысқа қаражат жетпеген жағдайда мемлекет ақшаны (Кейнс теориясы бойынша) мемлекеттік облигациялар шығару арқылы қалыптастыратын. Бұл жол әрине сол кезде Қазақстан үшін тиімсіз болатыны белгілі еді. Сондықтан, қажетті қаражатты мемлекет Ұлттық қордан алып, оны екінші деңгейлі банктер арқылы экономикаға енгізді. Осы тәсіл бүгін 2019 жылдың жоспарында да жоқ емес, мемлекет тарапынан қыруар қаржы шығарып оны экономиканың түрлі салаларына жұмсау арқылы тиімді сұраныс көлемін арттырудың жолдары қарастырылуда.

Бірінші мәселе бойынша Кейнс теориясын қолдануға болады десек, жинақ жөнінде толықтай жауап беру мүмкін емес. Себебі Кейнс еңбегінде девальвация туралы сөз болмайтын, ал бүгінгі нақты жағдайда ол теориямен, яғни, ақшаны көп мөлшерде жинақта ұстауға болмайды, инвестицияға жіберу керек деген пікірмен елдің келісуі қиын, сондықтан да ел ақшасының қомақты бөлігін, тіпті пайыздық сыйақы мөлшері төмен болса да, тұрақты валютада ұстауды жөн көреді. Демек, бұл жерде Кейнс теориясын пайдалану мүмкін емес.

Кесте 1 – ҚР жұмыссыздық және инфляция деңгейінің көрсеткіштері, 2017-2022 ж.

Көрсеткіштер	2017	2018	2019	2020	2021	2022	Өзгеріс, 2022/2017 ж	
							+ -	%
Жұмыссыздық деңгейі	5	4,9	4,8	5,1	5,2	4,9	-0,1	98%
Инфляция деңгейі	7,4	6,2	5,4	7,4	8,4	20,3	12,9	274%

Кестеден көріп отырғанымыздай, Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі салыстырмалы түрде төмен болып қалуда, бірақ соңғы жылдары біршама өсім байқалды. Жұмыссыздықпен күресу үшін кейнсиандық әдістерді қолдануға болады, мысалы, жолдар, көпірлер, теміржолдар және басқа да инфрақұрылымдық нысандар салу сияқты жұмыс орындарын құратын мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларға инвестиция салу. Кестеден көріп отырғанымыздай, Қазақстандағы инфляция деңгейі, әсіресе соңғы жылдары жоғары деңгейде қалып отыр. Кейнсиандық тәсіл инфляцияны басқару шараларын қамтуы мүмкін, мысалы, ақша массасын ұлғайтуға немесе азайтуға бағытталған ақша-несие саясаты, сондай-ақ экономикалық белсенділікті ынталандыру немесе баяулату үшін салық ставкаларын өзгерту сияқты фискалдық шаралар.

Кейнстің микроэкономиканы макроэкономикалық көрсеткіштермен байланыстыра қарастыру керек дегені бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Кәсіпорындардың экономикалық шешімдері елдегі макроэкономикалық құбылыстармен қисынды жалғасын тауып жатқанда ғана кәсіпорындардың жұмысы оң нәтиже беретіні сөзсіз.

Жұмысбастылық пен инфляция арасындағы себеп-салдарлық байланыс күні бүгінге дейін сақталып келеді. Адамдардың табысы артқан сайын олардың сатып алу қабілеті пропорционалды түрде өседі, ал мұндай жоғары сұраныс кезінде инфляция деңгейінің жоғары болуы заңдылық.

Кейнстің «табыстың өсуі тұтынуды тура пропорциональды деңгейде арттырмайды» деген тұжырымымен ішінара келісуге болады. Ішінара дейтініміз қазіргі кезде бәсекелес компаниялар өз тауарлары мен қызметтерін күн сайын түрлендіре отырып өз тұтынушыларын ұдайы сатып алуға «мәжбүрлеуде». Демек, елдің басым бөлігінің жинақ жасауға

мүмкіндігі бола бермейді. Басқаша айтқандай барлық тапқан табыс жұмсалымға кетіп жатады.

Кейнс теориясындағы «бейімділік», «басымдылық», «күту», «ұмтылу» секілді психологиялық түсініктер бүгінде Кейнс ілімінің дұрыстығын көрсетеді.

Кейнс жұмысбастылықтың көлемі, оның өзгерісі (динамикасы) жұмысшылардың мінез-құлқына, олардың қалауына қатысты емес, тиімді сұраныстың қажетті мөлшерде болмауынан, инвестицияның керекті деңгейде тартылмауынан деген ойды алға тартты.

Дегенмен, экономикадағы циклдік ауытқулардың нәтижесінде 2014 жылғы девальвация Қазақстан экономикасының қажетті қарқынмен дамуына үлкен кедергі келтірді. Осының кері әсерінен ұлттық валюта теңге барынша құнсызданып импорттық тауарлардың бағасы күрт өсіп кетті. Ал, дайын өнім өндіруде дамыған елдермен салыстырғанда Қазақстанның қалыс қалып келе жатқанын ескерсек бұл елдің әлеуметтік жағдайын белгілі бір дәрежеде қиындата түсті. Мұның сыртында қазіргі күні Қазақстан экономикасының өсу қарқынының баяулауына мынадай екі фактор қатты әсер етіп тұр:

Бірінші, әлемнің дамыған елдерінің Ресейге санкция жариялауы. Қазақстан экономикасы солтүстік және оңтүстіктегі екі ірі мемлекеттердің экономикасына барынша тәуелді болып отырған жағдайда, айтылмыш санкцияның салқыны біздің ел үшін барынша тиімсіз болып тұр. Оның кері ықпалы инфляцияға (тауарлар мен қызметтердің қымбаттауы), девальвацияға (ұлттық валютаның АҚШ доллары, евро сияқты тұрақты валюталармен салыстырғанда құнсыздануына) еріксіз әкеліп отыр. Бұл жағдай елдегі орташа нақты жалақының төмендеуіне, демек, әлеуметтік жағдайдың нашарлауын туындатуда.

Екіншіден, ел экономикасының шикізатқа барынша тәуелді болуы. Бүгінде мемлекеттік бюджеттің негізгі бөлігі осы шикізат өндіруден түсіп отырғаны ешкімге де құпия емес. Егер біз дайын өнім өндіріп осы арқылы ішкі сұранысты қанағаттандырып қана қоймай оны сыртқа, яғни экспортқа шығарсақ әлгінде айтқан инфляцияның да, девальвацияның да экономикаға түсіріп тұрған салмағы азайған болар еді. Өкінішке қарай, дайын өнім өндіру барысында Қазақстанның экономикасы әлемдік бәсекелестікке тиісті дәрежеде төпет бере алмай отыр.

Дегенмен, Қазақстан үкіметі елдің хал-ахуалын жақсарту мақсатында белгілі бір дәрежеде жұмыс атқарып жатыр. Мұндай игі істердің санатына жұмыссыздықты жою (дәлірек айтқанда оның табиғи деңгейіне жету), инфляцияны ауыздықтау, ел экономикасын тұрақтандыру бағытында белгілі бір дәрежеде жұмыстар атқарып жатқанын айта кету керек. Бұған түрлі бағыттағы жол карталарын, экономикалық бағдарламаларды жатқызуға болады. Мысалы 2016 жылдың аяғында қабылданған «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы» аясында ауылдық жерлердегі жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды оқытып, төмен мөлшерлеменен несие беріп өз кәсіптерін ашуға мүмкіндік жасалған. 2017-2018 жылдары айтылмыш бағдарламамен 45 мың адам оқып олардың 10 мыңнан астамы өзінің кәсібін ашты, немесе кеңейтті және 30 мыңға жуық қосымша жұмыс орындар ашылды. Бұл тікелей мемлекеттің араласуымен атқарылып жатқан жұмыс екенін айта кету керек және қаражат мемлекеттік бюджеттен бөлінеді. Осы тұрғыдан келгенде осы жұмысты нарықтың өзін-өзі реттей алмаған кездегі мемлекеттің араласуына тікелей мысал бола алады.

Джон Мейнارد Кейнстің теориясы - экономикалық ғылымның ең ықпалды теорияларының бірі. Ол экономикадағы мемлекет, бизнес және үй шаруашылықтарының өзара әрекеттесуін сипаттайтын макроэкономикалық талдау моделін ұсынады. Қазақстан жағдайында Кейнс теориясы экономикалық өсуді ынталандыру және жұмыссыздықпен күресу үшін қолданылуы мүмкін. Мысалы, экономиканың құлдырау кезеңінде мемлекет инвестициялар мен тұтынуды ынталандыру үшін мемлекеттік шығындарды көбейту және салықтарды азайту арқылы фискалдық саясатты қолдана алады. Сондай-ақ, Қазақстан жағдайында Кейнс теориясы Халықты әлеуметтік қорғауды жақсарту үшін қолданылуы мүмкін. Мемлекет бюджетке бөлінген қаражатты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, табыс

деңгейін арттыру және тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі бағдарламаларды іске асыру үшін пайдалана алады. Алайда, Кейнс теориясын қолдану Қазақстан экономикасының ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс екенін атап өту маңызды. Мысалы, жоғары инфляция және экономиканың шикізат ресурстарының экспортына тәуелділігі жағдайында мемлекет фискалдық саясатты қолдануда шектеулерге тап болуы мүмкін. Сондай-ақ, елдегі әлеуметтік-экономикалық қатынастар мен саяси шындықтарды ескеру қажет. Сонымен қатар, Кейнс теориясын қолдану кезінде Қазақстан экономикасының макроэкономикалық көрсеткіштері мен үрдістерін ескеру маңызды. Мысалы, егер экономика жоғары өсу мен қызып кету сатысында болса, онда фискалдық саясатты қолдану инфляциялық қысымның жоғарылауына әкелуі мүмкін. Қазақстанда Кейнс теориясын табысты іске асыру үшін елдің экономикалық дамуының өзіндік ерекшеліктерін ескеретін кешенді және мақсатты саясат қажет. Фискалдық саясатты және экономиканы реттеудің басқа тетіктерін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін институционалдық ортаны жақсарту және мемлекеттік ресурстарды басқару деңгейін арттыру маңызды.

5 Қорытынды

Жалпы, Кейнс теориясын Қазақстан жағдайында қолдану экономикалық өсуді ынталандыру, жұмыссыздықпен күресу және халықты әлеуметтік қорғауды жақсарту құралдарының бірі бола алады. Алайда, осы мақсатқа жету үшін елдің экономикалық дамуының өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, кешенді және тиімді саясатты әзірлеу қажет. Қорытындылай келе, Джон Мейнард Кейнстің теориясы Қазақстанда кеңінен қолданылады және оны әртүрлі экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін қолдануға болады деп айтуға болады. Ол инфляцияны, жұмыссыздықты, бюджет тапшылығын және экономиканың басқа аспектілерін басқаруға арналған құралдарды ұсынады. Сонымен қатар, Кейнстің теориясы мемлекеттің экономикаға араласуының және экономикалық мақсаттарға жету үшін фискалдық саясатты қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл Қазақстанға тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізуге және азаматтардың өмірін жақсартуға көмектеседі. Алайда, Кейнс теориясының өз шектеулері бар екенін және оны Қазақстан жағдайында әрдайым қолдануға болмайтынын атап өткен жөн. Бұл инфляция, теңге бағамы, мемлекеттік қарыз, мұнай-газ ресурстарының болуы және басқа да факторлар сияқты елдің экономикалық және саяси мәнмәтінің ерекшеліктеріне байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Dogalov A. N., Dosmaganbetov N. S., Economic Theory: Ekonomikalyqteornia, Oqúlyq. Almaty, 2014. [Электронды ресурс]. URL: <http://rmebrk.kz/bilim/%D0%AD%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%BE%D0%BC%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D0%BA%20%D1%82%D0%B5%D0%BE%D1%80%D0%B8%D1%8F.pdf>.
2. Кейнс Дж. М. Общая теория занятости, процента и денег [Электронды ресурс]. URL: <https://books.google.kz/books?id=yZOEAAQAQBAJ&pg=PA385&lpg=PA385&dq=#v=onepage&q&f=false>
3. Сажина М. А. Научные основы экономической политики государства. Учебное пособие, М.: Инфра-М, 2011. [Электронды ресурс]. URL: <https://znanium.com/catalog/document?pid=242878>.

МОЛДАШОВ, Н.О., БИСЕНОВ, А.А.

ПРИМЕНЕНИЕ ТЕОРИИ ДЖОНА МЕЙНАРДА КЕЙНСА В УСЛОВИЯХ КАЗАХСТАНА

Статья посвящена работе великого английского экономиста Джона Мейнарда Кейнса, который внес большой вклад в развитие экономической науки XX века. Теория Кейнса была посвящена тем причинам и путям выхода из мирового кризиса 1929-1933 годов, которые в то время считались наиболее актуальными и конкретными. В данной статье рассматриваются основные моменты кейнсианской теории, т. е. возможности выхода из возникшего в то время тупика: не только изучение экономики на всей территории страны, но и минимизация безработицы в ней, снижение процентных норм и процентных ставок в рамках проводимой государством экономической политики, формирование эффективного спроса и занятости за счет повышения доходов малообеспеченной части населения кратко проанализирована необходимость активного регулирования экономики со стороны государства для обеспечения экономической стабильности. В статье

также рассмотрены возможности применения этой теории в экономике Казахстана на сегодняшний день.

Ключевые слова: кризис, кейнсианская теория, инфляция, девальвация, деньги, работа-начальник, безработица, норма прибыли.

MOLDASHOV, N.O., BISSENOV, A.A.

APPLICATION OF THE THEORY OF JOHN MAYNARD KEYNES IN THE CONDITIONS OF KAZAKHSTAN

The article is devoted to the work of the great English economist John Maynard Keynes, who made a great contribution to the development of economics of the twentieth century. Keynes' theory was devoted to the causes and ways out of the world crisis of 1929-1933, which at that time were considered the most relevant and specific. This article discusses the main points of Keynesian theory, i.e. the possibilities of overcoming the impasse that arose at that time: not only the study of the economy throughout the country, but also the minimization of unemployment in it, the reduction of interest rates and interest rates within the framework of the economic policy pursued by the state, the formation of effective demand and employment by increasing the incomes of the low-income part of the population, the need for active regulation of the economy by the state for ensuring economic stability. The article also discusses the possibilities of applying this theory in the economy of Kazakhstan today.

Key words: crisis, Keynesian theory, inflation, devaluation, money, job-boss, unemployment, profit margin.

ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЭМПИРИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

УДК 595.727

Брагина, Т.М.,

доктор биологических наук, профессор,
профессор кафедры естественно-научных дисциплин,
КРУ имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан;
Гл. н.с., Азово-Черноморский филиал ФГБНУ
«ВНИРО» («АзНИИРХ»), Ростов-на-Дону, Россия

Абенова, А.К.,

магистрант 2-го года обучения,
специальность «7М01501 – Биология»,
КРУ имени А. Байтурсынова,
Костанай, Казахстан.

ФЕНОЛОГИЯ МОДЕЛЬНЫХ ВИДОВ СТАДНЫХ И НЕСТАДНЫХ САРАНЧОВЫХ В ПОДЗОНЕ ЗАСУШЛИВЫХ РАЗНОТРАВНО-КОВЫЛЬНЫХ СТЕПЕЙ

*Phenology of model species of the herd and non-herd locusts
in the subzone of droughty forb-feather grass steppes*

Аннотация

В данной статье рассматриваются результаты фенологических наблюдений над модельными видами стадных и нестадных видов саранчовых в подзоне засушливых разнотравно-ковыльных степей на примере Аулиекольского района Костанайской области.

Ключевые слова: фенология, саранчовые, стадные, нестадные, Аулиекольский район, Костанайская область.

1. Введение

Саранчовые (Acrididae) относятся к отряду прямокрылых (Orthoptera). Они являются теплолюбивыми насекомыми – обитателями преимущественно травянистой растительности и в массе размножаются в степной и лесостепной зонах. Интерес к особенностям биологии, распространения и вредоносности саранчовых не ослабевает. Свидетельством тому является целый ряд публикаций последних лет мирового уровня [1], отдельных стран и регионов [2,3], в том числе степной зоны Казахстана [4-7].

Район исследований (Аулиекольский район Костанайской области) расположен в подзоне засушливых разнотравно-ковыльных степей на южных черноземах. Климат региона резко континентальный со среднегодовой температурой 1,22 °С. Среднегодовое количество осадков – 260-280 мм. Часто наблюдаются засухи. Так, в 2022 году в летние месяцы за весь летний период выпало 63 мм осадков (июнь – 19 мм, июль – 36 мм, август – 8 мм) с максимальными температурами воздуха до 37 °С. В сентябре засуха продолжилась – за месяц выпало 13 мм осадков, а температура воздуха поднималась до 39 °С [8]. В районе на территории Аманкарагайского лесхоза и сопредельных землях 3 сентября 2022 года произошел обширный пожар, захвативший площадь 43 000 га. Засушливый климат и условия местообитаний провоцируют периодические вспышки численности саранчовых.

Наиболее опасные вредители из стадных саранчовых – перелетная саранча, итальянский прус, мароккская саранча, а из нестадных – сибирская кобылка, темнокрылая кобылка, крестовая кобылка и другие [1,3]. В Костанайской области из особо опасных вредителей распространены азиатская саранча и итальянский прус – характерные вредители

для сельскохозяйственных культур степной зоны [6-7, 9]. Азиатская саранча распространена преимущественно на юге области: Жангельдинском, Амангельдинском, Камыстинском районах. В Аулиекольском районе основными вредителями выступают такие виды, как итальянский прус, крестовая кобылка, белополосая кобылка и чернополосая кобылка [9]. В число особо опасных видов входит итальянский прус.

Итальянский прус (*Calliptamus italicus* (Linnaeus, 1758) буровато-серого цвета; крылья прозрачные, в основной половине розоватые; задние бедра толстые с тремя темными пятнами, задние голени красноватые. Длина самки 26-41 мм, самца вдвое меньше – 14-23 мм. Кубышка тонкая, изогнутая, длиной до 40 мм, состоит из двух частей: верхняя губчатая, нижняя несколько толще и содержит от 20 до 50 рыжевато-желтых яиц. Длина яйца 4-5 мм, толщина 1 мм. Откладывают кубышки в июле на глубину 2-5 см на целинных и залежных участках с легкими почвами и слабой растительностью. Личинки отрождаются в мае. Личинки имеют пять возрастов. Длина тела по возрастам соответственно увеличивается (5-6, 6-7, 11-13, 11-14, 123-23 мм) [1,6].

Нестадные саранчовые (кобылки) по размеру тела мельче саранчовых. Больших скоплений не образуют и не способны к дальним перелетам. В кубышке находится не более 10- 20 яиц. У некоторых видов кобылок личинки имеют четыре возраста [3,10].

Крестовая кобылка (*Arcyptera microptera* (Fischer von Waldheim, 1833) = *Pararcyptera microptera* Fischer von Waldheim, 1833) желтовато-коричневого цвета. Длина тела самцов 19-22 мм, самок – 24-29 мм. На переднеспинке в передней части имеются вогнутые беловатые боковые кили. Надкрылья с серыми пятнами и желтоватой полоской у переднего края. Задние бедра с серыми пятнами, задние голени красные. Кубышка цилиндрическая, слабо изогнутая, длина 10-22 мм, стенки твердые и толстые. Крышечка в виде толстого вогнутого диска. В кубышке размещается от 10 до 17 яиц [3,10].

Белополосая кобылка (*Chorthippus albomarginatus* De Geer, 1773) бурого цвета. Длина тела 13-15 мм. Переднеспинка сверху плоская с прямыми боковыми килиями; надкрылья узкие, вдоль переднего крыла у самок часто имеется продольная полоска белого или желтоватого цвета; задние крылья бесцветные, прозрачные; задние бедра одноцветные [3,10].

Чернополосая кобылка (*Oedaleus decorus* (Germar, 1956) – крупная кобылка желтовато-серого или зеленоватого цвета с темно-серыми пятнами. Длина тела самцов 18-31 мм, длина надкрыльев – 16-33 мм. Длина тела самок 25-43 мм, надкрыльев 25-40 мм. На переднеспинке острый срединный киль с х-образным белым рисунком. На надкрыльях две темно-серые перевязи, крылья желтоватые или зеленовато-желтоватые с темной перевязью [3,10].

Несмотря на сравнительное обилие литературы по саранчовым, отдельные черты биологии этих хозяйственно важных насекомых изучены недостаточно, особенно в аспекте региональной фауны. Целью данной работы является анализ фенологии развития основных вредителей саранчовых – итальянского пруса, белополосой, чернополосой и крестовой кобылок на территории Аулиекольского района Костанайской области в засушливый 2022 год.

2 Материалы и методы

Материалы собраны в течение осени 2021 года и вегетационного периода 2022 года на территории Аулиекольского района (52°21'00" с. ш. 64°07'48" в. д.) Костанайской области (рисунок 1).




Рисунок 1 – Местоположение Аулиекольского района Костанайской области
(источник: <https://yandex.kz/maps/geo/53002586/?ll=60.099536%2C49.167982&z=4.8>)

Наблюдения проводились над модельными видами саранчовых (рисунок 2) - стадных *Calliptamus italicus* (L.) и нестадных *Chorthippus albomarginatus* (De Geer), *Oedaleus decorus* (Germ.), *Arcyptera microptera* (F.-W.) = *Pararcyptera microptera* (F.-W.) в течение вегетационного периода 2022 года.



Рисунок 2 – Саранчовые. Костанайская область, 14.06.2012. Фото Т.М. Брагиной

В осенний период 2022 года на территории района дополнительно общепринятыми методами были обследованы пропашные участки, участки целинной степи, открытые участки (опушки) Аманкарагайского бора, опушка березового леса; проведен учет кубышек саранчовых (экз./м²), в которых было подсчитано количество яиц.

3,4 Результаты и обсуждение

Все изучаемые виды имеют одногодичную генерацию. В результате проведенных работ было установлено, что в 2021 году кладка яиц модельных видов проходила с последней декады июня. Самая ранняя кладка наблюдалась 23 июня у чернополосой кобылки (начало – 23 июня, массовая – 13 июля, окончание – 23 августа). Белополосая кобылка начала кладку 26 июня, в массе – 13 июля, окончание кладки – 19 августа). Самая поздняя кладка зафиксирована у крестовой кобылки (начало – 27 июня, массовая – 18 июля, окончание 19 августа). Итальянский прус на обследованных участках осенью 2021 году не был обнаружен (Таблица 1). При весеннем обследовании 2022 года в целом по району кубышки итальянского пруса были обнаружены на 1,3 тыс. га из обследованных 2,0 тыс. га (65% от общей площади обследованных участков) с численностью кубышек до 1,0 экз./м².

Таблица 1 – Фенологический календарь развития модельных видов нестадных видов саранчовых по Аулиекольскому району в 2022 году на обследованных участках

Наименование вида	Появление личинок по возрастам в 2022 году						Появление имаго в 2022 году		Миграция особей на посевы			Период нанесения вреда	
	младшие		средние		старшие		начало	массовое	начало	массовое	конец	начало	конец
	1-2 возр		3-4 возр.		и старше								
	I	II	III	IV	V	VI - VII							
Белополосая кобылка (<i>Chorthippus albomarginatus</i> (De Geer, 1773))	8 мая	18 мая	24 мая	6 июня	14. июня	-	15 июня	20 июня	24 мая	28 мая	9 июня	8 мая	9 июля
Чернополосая кобылка <i>Oedaleus decorus</i> (Germar, 1956)	6 мая	16 мая	27 мая	4 июня	13 июня	-	15 июня	23 июня	27 мая	1 июня	4 июня	6 мая	18 июля
Крестовая кобылка (<i>Paracryptera microptera</i> (Fischer von Waldheim, 1833))	9 мая	18 мая	1 июня	31 июня	13 июня	-	19 июня	23 июня	28 мая	2 июня	6 июня	9 мая	8 июля

У белополосой и крестовой кобылок 4 личиночных возраста, у чернополосой кобылки их 5. У итальянского пруса 5 личиночных возраста. Развитие до стадии личинок старшего возраста у нестадных саранчовых длилось около месяца – до 13-14 июня.

Начало появления имаго белополосой кобылки отмечено 15 июня. Массовая появления миграция на посевы наблюдалась с 28 мая. Белополосая кобылка повреждает все хлебные злаковые культуры (пшеницу, ячмень, овес, а также житняковые поля), при этом поедаются листья, вплоть до полного объедания; кобылка может повреждать и колосья. Может питаться также на растениях других семейств – сложноцветных, мотыльковых и других.

Имаго чернополосой кобылки появились в те же даты, что и у белополосой кобылки, примерно через 45 дней после отрождения личинок. В массе на посевах особи этого вида появились позже – 1 июня. Вредит злакам на полях, часто перегрызая стебель. Снижает урожаи на сенокосах и пастбищах, вредит овощным культурам. Может перелетать с одного агроценоза на другой, увеличивая площадь повреждений.

Крестовая кобылка на посевах в массе появилась 2 июня (личинки 3-4 возраста). Имаго были зафиксированы 19 июня, Крестовая кобылка является опасным вредителем зерновых культур, но также вредит люцерне, картофелю и другим культурам. Часто поедает отгрызенную часть злаков на земле.

В целом, развитие саранчовых проходило в соответствии с их биологическими особенностями [3, 4].

В сентябре 2022 года (5-15 сентября) дополнительно были обследованы несколько участков для учета кубышек саранчовых. На пропашном участке, по осенним сборам на площади 2,0 тыс. га, были обнаружены кубышки итальянского пруса на площади 0,7 тыс. га (35% от обследованной площади) с плотностью 2,0 экз./м². Число яиц в кубышках составило 27-32 экземпляра. Процент поражения кубышек – 18-20%. Для изучения зараженности почвы кубышками нестадных видов саранчовых в осенний период было обследовано 300 га, из которых было заселено 200 га. В кубышках в среднем находилось до 18-20 яиц, процент поражения – 15%.

На степном участке в 5-6 км к востоку от пос. Кушмурун на площади 400 га в осенний период кубышек итальянского пруса не обнаружено. Стадные формы также не были найдены в Аманкарагайском бору, и березовом лесу (Урочище Карагач, обследовано 200 га), но на всех участках встречались кубышки и/или личинки нестадных саранчовых.

5 Выводы

В Аулиекольском районе Костанайской области основными вредителями выступают такие виды, как итальянский прус, крестовая кобылка, белополосая кобылка и чернополосая кобылка. В число особо опасных видов входит итальянский прус. Все изучаемые виды имеют одногодичную генерацию. Составлен фенологический календарь развития стадных и нестадных форм модельных видов саранчовых по Аулиекольскому району за 2022 год. Начало отрождения личинок в 2022 году наблюдалось во второй половине – конце первой декады мая, появление имаго – с середины июня. На посевах были зарегистрированы с конца мая. Особый вред нестадные формы саранчи в 2022 году наносили с конца июня по вторую декаду июля. В сентябре 2022 года (5-15 сентября) дополнительно были обследованы несколько участков для учета кубышек саранчовых. Только на пропашном участке, по осенним сборам на площади 2,0 тыс. га, были обнаружены кубышки итальянского пруса на площади 0,7 тыс. га (35% от обследованной площади) с плотностью 2,0 экз./м². На обследованных участках в степи, Аманкарагайском бору и березняке итальянский прус не обнаружен, но на всех участках встречались кубышки и/или личинки нестадных саранчовых.

6 Благодарности

Авторы благодарят сотрудников Аулиекольского районного филиала Костанайской области Республиканского государственного учреждения «Республиканский методический центр фитосанитарной диагностики и прогнозов» Комитета государственной инспекции в агропромышленном комплексе Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан за содействие в проведении полевых работ и обработке собранного материала.

Список литературы

1. Сергеев, М.Г., Чильдебаев, М.К., Ванькова, И.А., Гаппаров, Ф.А., Камбулин, В.Е., Коканова, Э.О., Лачининский, А.В., Пшеницына, Л.Б., Темрешев, И.И., Черняховский, М.Е., Соболев, Н.Н. и Молодцов, В.В. Итальянская саранча *Calliptamus italicus* (Linnaeus, 1758). Морфология, экология, распространение, управление популяциями. – Рим: ФАО, 2022. – 333 с. DOI: <https://doi.org/10.4060/cb7921ru>.
2. Sergeev M.G., Dubatolov V.V. New data on Orthoptera distribution in the southern part of the Russian Far East // Far Eastern Entomologist. – 2022. – N 450. – P. 15-20. DOI: <https://doi.org/10.25221/fee.450.4>.
3. Лачининский А.В., Сергеев М.Г., Чильдебаев М.К., Черняховский М.Е., Дж. А. Локвуд, Камбулин В.Е. и Гаппаров Ф.А. Саранчовые Казахстана, Средней Азии и сопредельных территорий. – Ларами: Международная Ассоциация Прикладной Акридологии и Университет Вайлминга, 2002. – 387 с.
4. Кадырбеков Р.Х., Чильдебаев М.К., Жданко А.Б., Тлеппаева А.М., Колов С.В. Влияние антропогенных и абиотических факторов на структуру фауны насекомых степной зоны Казахстана в современных условиях. – Алматы: Институт зоологии КН МОН РК, 2017. – 460 с.
5. Брагина Т.М., Брагин Е.А. Наурзумский государственный природный заповедник // Заповедники Средней Азии и Казахстана. Охраняемые природные территории Средней Азии и Казахстана, вып. 1. – Алматы: Тетис, 2006. – С. 97-107.

6. Брагина Т.М., Беккер В.Р., Венедиктова Д.П. Распределение итальянского пруса (Insecta, Orthoptera, Acrididae, *Calliptamus italicus* L.) в регионе представительства Наурзумского заповедника в период вспышки его численности // КМПИ Жаршысы (Вестник КГПИ). – 2013. – № 1 (29). – С. 72-75.

7. Брагина Т.М., Абенова А.Г. Состав и хозяйственное значение саранчовых (Insecta: Orthoptera: Acrididae) Аулиекольского района Костанайской области // КМПИ Жаршысы (Вестник КГПИ). – 2022. – № 4 (68) – С. 67-75.

8. Погода на 2022 в Аулиеколе [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://auliekol.nuipogoda.ru/%D0%BF%D0%BE%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D0%B0-2022>.

9. Аулиекольский районный филиал Костанайской области Республиканского государственного учреждения «Республиканский методический центр фитосанитарной диагностики и прогнозов» Комитета государственной инспекции в агропромышленном комплексе Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://statsnet.co/companies/kz/59684171>.

10. Нурмуратов Т.Н., Ажбенов В.К., Чидельбаев В.Е. и др. Саранчовые вредители сельскохозяйственных растений Казахстана и рекомендации по ограничению их численности. – Алматы: Asia Publishing, 2000. – 56 с.

BRAGINA, T.M., ABENOVA, A.K.

PHENOLOGY OF MODEL SPECIES OF HERD AND NON-HERD LOCUSTS IN SUB-ZONE OF DROUGHTY FORB-FEATHER GRASS STEPPES

This article discusses the results of phenological observations on the main pests of herd locusts and non-herd locusts in the subzone of arid forb-feather grass steppes in the example of Auliekolsky district of Kostanay region.

Key words: phenology, herd locusts, non-herd locusts, pests, Auliekol district, Kostanay region.

БРАГИНА, Т.М., АБЕНОВА, А.К.

ҚҰРҒАҚ ШӨПТІ-ҚАУЫРСЫНДЫ ДАЛА СУБЗОНАСЫНДАҒЫ ТАБЫНДЫ ЖӘНЕ ТАБЫНДЫ ЕМЕС ШЕГІРТКЕЛЕРДІҢ МОДЕЛЬДІК ТҮРЛЕРІНІҢ ФЕНОЛОГИЯСЫ

Бұл мақалада Қостанай облысы Әулиеқол ауданының мысалында құрғақ шөпті-қауырсынды дала субаймағындағы табынды және табынды емес шегірткелердің негізгі зиянкестерін фенологиялық бақылаудың нәтижелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: фенология, табын шегірткесі, табын шегірткесі емес, зиянкестер, Әулиеқол ауданы, Қостанай облысы.

ӘӨЖ 635.92:582.572.226

Зияева, Г.К.,

биология ғылымдарының кандидаты,

«Қолданбалы биология»

кафедрасының доценті,

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік

университеті, Тараз, Қазақстан

Тулеубаев, Ж.С.,

ауыл шаруашылығы ғылымдарының

докторы, «Химия және биология»

кафедрасының профессоры,

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік

университеті, Тараз, Қазақстан

ӘР ТҮРЛІ СУБСТРАТТАРДЫҢ ҚЫЗҒАЛДАҚТЫҢ БИОМЕТРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФЕНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ӘСЕРІ

Түйін

Мақалада әр түрлі топырақ қоспаларының қызғалдақтың Голден Парад(Golden Parad), Барселона(Barcelona), Роман Империя(Roman Empire),

